


5

Жаңашылдық
өрісті кеңейтеді

6

Отбасы күні
айрықша
аталып өтеді

Сыр бойы

3 қыркүйек, сейсенбі 2024 жыл

№135 (20809) Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Ел игілігі үшін жасап жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін.

Өткен сессияда жемісті жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, Парламенттің екінші сессиясында 102 заң қабылданды. Оның ішінде қоғамдық бақылауға, адам саудасына қарсы күреске қатысты заңдар бар. Сондай-ақ ғылым және технология саясатын, жылу энергетикасын, басқа да мәселелерді реттейтін заңдар күшіне енді.

Әлеуметтік салаға, әсіресе, балаларды қорғау ісіне айрықша көңіл бөлінді. Ұлттық қордан балалардың есепшотына қаржы аударуға қатысты заң қабылданды. Балаларды құмар ойынға тартқандар әкімшілік заң бойынша жазаға тартылатын болды. Кәмелетке толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткені үшін берілетін жаза қатанды. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстың алдын алуға арналған заң қабылданды.

Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды.

Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген шара қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен тікелей айналысып, халықпен ардайым тығыз байланыста болдыңыздар.

Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Табанды еңбектеріңіз үшін баршаңызға ризашылығымды білдіремін. Дегенмен арқаны кенге салуға болмайды. Әлі де атқаратын шаруа көп.

Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүреді. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді.

Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени коддымыз өзгеріп бастады.

Бір сөзбен айтсақ, Әділетті Қазақстан құрылып жатыр. Мұның бәрі, ең алдымен, халықтың қалауымен жасалуда. Сондықтан біз алған бетімізден қайтпаймыз, бағытымыздан таймаймыз. Бүгін біз алға қойған жоспарымызды пысықтап, мақсаттарымызды айқындаймыз.

Қазір жер жүзінде геосаяси текетіретер белең алып тұр. Соған қарамастан Қазақстан бейбіт әрі эволюциялық жолмен дамып келе жатыр.

Біз дамуың жаңа бағдарын белгіледік. Экономиканы әртарапандыру ісіне тың серпін бердік. Инфляция баяулады, яғни бытырғы ең жоғарғы деңгейден 2,5 есе төмендеді. Еліміздің халықаралық резерві 100 миллиард доллардан асты. Өңдеу өнеркәсібі тау-кен саласымен салыстырғанда жылдам өсіп жатыр.

Біз осы қарқынды жоғалтауымыз керек. Бұған дейін жасалған қолайлы жағдайды тиімді пайдаланып, жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз керек.

Үкімет және әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Еліміздің тұрақты дамуына мүмкіндік беретін жаңа тетіктерді қарастырып жөн. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру. Жұмысты дұрыс үйлестіре білсек, бұл – қолдан келетін шаруа.



Экономика өскен сайын әлеуметтік теңсіздік азайып, орта тап күшейе түсуі керек. Сонда ғана біз еліміздің әлеуетін күшейте аламыз. Ол үшін кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни, әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы керек.

Енді алдағы жұмыстың нақты бағыттарына тоқталайын.

БІРІНШІ. Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою керек.

Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағыдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау керек.

Халықаралық сарапшылар қазақ банктерін ресурсқа бай елдер ішіндегі ең көп пайда табатын банктер санатына қосады. Сондықтан осы саладағы салық мөлшері әділ белгіленуі тиіс. Банктердің акционерлері дивидендіне сәйкес салық төлеуі керек. Банктерге мемлекет көрсеткен көмек тұрғысынан қарасақ, бұл – өте орынды ұстаным.

Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды.

Бізге Банктер туралы жаңа заң керек. Бұл құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек. Қазір қолданып жүрген заң шамамен 30 жыл бұрын қабылданған. Ол кезде заман да мүлде басқа болды.

Ашығын айтуымыз керек, бізде республикалық бюджеттің кіріс бөлігі орындалмай жатыр. Бұл – бұрынғы және қазіргі Үкімет жұмысындағы үлкен олқылық. Мұндай жағдай жиі қайталана, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді. Сондықтан оған жол бермеу керек. Бюджет қаржысын тиімді пайдаланып, оның шығыс бөлігін шектеп, қатаң бақылауда ұстаған жөн. Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп, осы мәселеге қатысты нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Мемлекет қаржысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – көрпеге қарай көсілу. Сондықтан қаражаттың стратегиялық маңызы жоқ, аса шұғыл емес шаруаларға оңды-солды шашуды доғару керек.

Бюджетаралық қарым-қатынасты да ретке келтіру керек. Шағын және орта бизнестен түсетін салықты аймақтардың өзінде қалдыру дұрыс әрі уақытылы қабылданған шешім болды. Бұл қатаң кәсіпкерліктің дамуына едәуір серпін берді. Сонымен қатар әкімдердің дербестігін арттырды. Алайда кейбір әкімдер қосымша кіріс көзіне ие болған соң, оны бөлді де қалдырмай, аса маңызды емес міндеттер мен жобаларға қаржы бөле бастады.

Үкімет бюджет тапшылығының орнын толтыратын қаржы көзін табу үшін тиімді компенсациялық тәсілдер ойластыруы керек.

Енді Ұлттық қордың рөліне жеке тоқталайын. Қордың қаражатын, ең алдымен, мемлекет мүддесі үшін, яғни еліміздің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдалану керек. Ұлттық қор шетелдік қаржы институттарына қызмет етпеуі керек. Ұлттық қор – ұзақ мерзімге арналған макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін аса маңызды құрал. Сондықтан оны тиімді басқару керек.

Экономиканы қарқынды дамыту үшін тек мемлекет қаржысына сүйену жеткіліксіз екені анық. Жеке инвестициялар тарту арқылы іскерлік белсенділіктің артуына қолайлы жағдай жасаған жөн. Ол үшін, ең алдымен, салық саясаты тұрақты болуға тиіс. Сонда бизнес те сапалы дамуға ынталы болады және жауапкершілікпен жұмыс істейді.

Жаңа салық кодексі қазіргі жүйені қайта жаңғыртуға арналған. Бұл құжат салықтық әкімшілендіру ісінің салық төлеушілерге деген сенімге негізделген мүлде жаңа жүйесін қалыптастыруға тиіс. Кодекстің ережелерін әркім әрқалай қабылдауы үшін оны жеңілдетіп, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтың бәріне бірдей түсінікті ету өте маңызды.

Салық режимдерін кәсіпкерлерге жасалған қолайлы жағдайдың нашарлап кетпеуін ескере отырып, оңтайландырып жөн. Бөлшек салықтың енгізілуін мысал ретінде айтуға болады. Осы нормаға сенім артқан кәсіпкерлер қызметін ашық жүргізе бастады, кәсіптерін бөлшектеуді азайтты.

Алайда бұл режим негізінен халықпен тікелей жұмыс істейтін кәсіпкерлерге қатысты болуға тиіс.

Тұтынушыларға арналған қызметтер мен сауда-саттықтың мүмкіндіктері толық пайдаланылса, экономиканы дамыту, салық түсімдерін арттыру және халықты жұмыспен қамту шаралары тезірек нәтиже береді.

Фискалды реформа табысты болсын десек, салықтық әкімшілендіру ісін жаппай цифрландыру керек. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты сын-қатерлерді барынша азайтып, салық саласындағы үдерістердің ашық болуын қамтамасыз ету үшін оны тезірек электронды форматқа көшірген абзал.

Бүкіл салық саясатын жиі өзгеріп жатқан фискалды ахуалға бейімдеу керек, соның ішінде салық мөлшерлемесін де қайта қараған жөн.

Жеке табыс салығының мөлшерлемесін азаматтардың кірісіне қарай дифференциациялау қажеттігі туындап отыр.

Салықтық әкімшілендіру ісінде жазалау тәсілінен де бас тартқан абзал. Мәжбүрлеу шараларын қолданбай-ақ, хабарлама жіберу арқылы өндірілетін салық берешегінің жоғарғы шегін көтеруге болады деп ойлаймын. Ал салық берешегі осы шектен асып кетсе, қарыз сомасы аясында ғана шектеу қойылуға тиіс. Яғни, борышкердің банктегі есепшоты толық бұғатталмайды. Берешек сомасы тым көп болған жағдайда, кепілге мүлік қоюды талап етпей, қарызды бөліп төлеуге мүмкіндік берген жөн.

Жоспарға сай тексеру тәсілін біржола бас тартуға тырысу керек. Ол үшін қатерлердің алдын алу жүйесін жетілдіру керек.

Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру өзекті мәселеге айналды. Кәсіпкерлер өздері пайдаланатын салық жеңілдіктері бойынша есеп беруге тиіс. Бизнесі дамытуға нақты септігі тиетін жеңілдіктерді ғана қалдырған абзал. Мысалы, өндірісті қолдауға деген инвесторларға артықшылық беруге болады. Яғни, құрылыс салуға, активтерді сатып алуға, жаңғыртуға және қайта құруға бір реттік салық жеңілдігін берген жөн. Терең өңделген өнімді экспортқа шығаратын кәсіпкерлерге жеңілдіктер беру маңызды. Олар өзге бизнеске қарағанда көбірек қолдауға ие болуы керек.

Үкімет пен Парламентке жаңа Салық кодексінің жобасына қатысты жан-жақты талқылау жүргізуді тапсырамын.

2,3,4-беттер

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

«МЕКТЕБІМ – МЕЙІРІМ МЕКЕНІ»

1 қыркүйек – Білім күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес өңір мектептерінде 1, 11-сынып оқушыларына арналған «Мектебім – мейірім мекені» атты салтанатты шара өтті.

Оған бөлініске сәйкес облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыс әкімінің орынбасарлары Данияр Жаналинов, Шахмардан Байманов, Бахыт Жаханов, Ардақ Зебешев, облыс әкімінің орынбасары-Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай, облыс әкімі аппаратының басшысы Әділхан Мұхамедияров, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, сала басшылары мен мәслихат депутаттары қатысып, оқушыларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

Өткен жылы облыстағы 330 мектепте 181804 оқушы болса, биылғы оқу жылында 184924 оқушы бар, бала саны 3120-ға артқан. Биыл 1-сыныпқа 17383 бала қабылданды. Соның 8 мыңға жуығы облыс орталығындағы

білім ошақтарының есігін алғаш рет ашып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесіне ерекше тоқталып, «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баламен заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз» деп міндеттер қойды.

Ел Президенті алға қойған міндеттерге сәйкес аймақта бала болашағына, мұғалім мәртебесіне бағытталған қолдау шаралары нәтижесін беріп келеді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 21 мектеп салу жоспарланған. Оның 10-ның құрылысы

биыл аяқталса, 11-і келер жылы пайдалануға беріледі. «Білім беру инфрақұрылымын қолдау» қоры арқылы дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты, балаларды қосымша біліммен қамту үлесін арттыру мақсатында «ҚазГер-Мұнай» компаниясының демеушілігімен «Оқушылар сарайы», жергілікті бюджет есебінен Жанақорған ауданында 200 орындық «Оқушылар үйі» және 50 орындық «Өнер мектебі» салынауда. Сол жағалауда «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледж ғимаратының іргетасы қаланып, құрылыс жұмыстары қарқынды жүреді.

Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын шыңдау мақсатында биыл облыс орталығынан «Шығармашылық академиясының» құрылысы басталды. Жаңа оқу жылы қарсаңында Шиелі ауданында 100, Жанақорған ауданында 150 орындық мектептер ел игілігіне табысталды. «Білім беру инфрақұрылымын қолдау»



қоры арқылы, жергілікті бюджет есебінен Шиелі, Жанақорған, Кармақшы аудандарындағы, Қызылорда қаласындағы білім беру ұйымдары жанынан қосымша құрылыстар жүргізілді.

Сонымен қатар, демеушілік есебінен Арал ауданының Тоқабай және «Ақшатау» ауылдарындағы мектептер пайдалануға беріледі. Осы жылы оқушылардың қолайлы ортада білім алуын қамтамасыз ету мақсатында 8 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Оның 5-уі Қызылорда қаласында, 3-і Жанақорған, Сырдария, Жалағаш аудандарында. Мыңдаған шәкірт қайта жаңғыртылған алтын ұяларында жаңа оқу жылын бастады.

Осы ретте айта кету керек, жексенбі, яғни 1 қыркүйек күні жұмысқа шыққан педагогтерге «Еңбек кодексіне» сәйкес қосымша ақы төленеді немесе басқа күндері демалыс қарастырылады. Бұл жөнінде мектеп әкімшілігі шешім қабылдайды.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы \$ 481,63 kzt

€ 534,46 kzt

₸ 5,28 kzt

Ауа райы

+25° +27°

+27° +29°

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ



Қиын болса да, дұрыс шешім қабылдау қажет. Бұл жерде асығыстыққа жол беруге болмайды. Жаңа Салық кодексінің ахуалды әзірлеуі үшін оны қабылдау мерзімін келесі жылға ауыстыруға болады деп санаймын.

Көлеңкелі экономика үлесінің жоғары деңгейде қалуы қаржы саласындағы ахуалды ұшықтырып тұр. Оны айтарлықтай төмендету үшін мұқият ойластырылған жан-жақты шаралар қабылдаған жөн. Атап айтқанда, шекарадағы кеден бекеттеріне қатысты барлық жұмысты тез арада аяқтау қажет. Сондай-ақ сыртқы сауда операцияларынан түсетін кірістің басқа елдерге заңсыз өтіп кетуіне жол бермеу керек.

ЕКІНШІ. Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу маңызды.

Дүние жүзінде инвестицияға талас өршіп тұрған кезде елге қаржы тарту үшін «дәл осы жерде және дәл қазір» қағидасы бойынша шешім қабылдау – ең қажет шара. Сондықтан Үкімет жанындағы Инвестиция штабына ауқымды құзырет берілді. Бұл қадам металлдың терең өңдеу, мұнай-газ-көмір химиясы, туризм, энергетика және машина жасау сияқты маңызды салалардағы жобаларды жүзеге асыру қарқынын арттыруға жол ашты.

Экономикаға салынған тікелей инвестиция көлемін азайтып алмау үшін осы бағыттағы жұмысты күшейту керек. Кейбір әкімдер мен министрлер инвестор тарту ісіне жөнді атсалыспай отырғанын атап өткіз келеді. Үкімет бұл шаруаны ретке келтіруге тиіс. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы іске асырылатын жобаларды сапалы әзірлеу қажет. Әсіресе, халықаралық қаржы институттары қатысатын жобаларға баса назар аудару керек. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілімен қаржыландырып, толық жүзеге асыратын ауқымды жобалардың тізімін жасауды тапсырамын.

Мен быыл мамыр айында «Экономиканы ырықтандыру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатқа көрсетілген талаптар мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мұндай ахуал нарықтағы теңдік шарттарын бұзады, жеке бастамаларға тосқауыл болады.

Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты әлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндетін, қызмет аясын, қаржыландыру тәсілдерін және жұмысының басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге холдингтер мен Үкіметтің арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жүйелі болуға тиіс.

Мен 2022 жылғы Жолдауымда бәрін басынан бастап реттеуді тапсырған едім. Реформаның бірінші кезеңінің өзінде орынсыз әрі қажетсіз 10 мыңнан астам талаптың күші жойылды. Оның бәрі кезінде кәсіпкерлерге келергі келтірілген еді.

Бас прокуратура ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсете бастады. Инвесторларға «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жеңілдіктер берілді. Экономикалық қылмыстардың біразы қылмыс деп танылмайтын болды.

Алайда кәсіпкерлерден мемлекеттік органдардың шектен тыс қадағалауына жол бермеу керек.

лап, бақылайтыны туралы шағымдар әлі де түсіп жатыр. Үкімет Бас прокуратурамен бірлесіп, инвестициялық ахуалға әсерін тигізетін жағымсыз үрдістерді жою керек.

Бытыр бизнес өкілдерімен өткен кездесуде бұл мәселе бойынша мен нақты ұстанымды айттым. Біз кәсіп иелерімен өзара келісімге келдік, яғни «капиталды заңдастыру» үшін міндетті түрде Қазақстан экономикасына қаржы салу қажет болады.

Ең бастысы, салынған қаржы ел игілігіне жарауы керек. Бұл талапты нормативтік тұрғыдан бекітіп алу қажет.

Тиісті реестрге енгізілген кәсіпкерлермен келісім жасаған кезде мемлекетке қайтарылатын активтерді «заңсыз» деп танымау туралы норманы бекітуге болады. Бұл – шын мәнінде, ірі кәсіп иелерінің мүддесіне сай келетін маңызды қадам. Бірақ, кәсіпкерлер де қаржыны республикалық бюджетке аудару мәселесіне келгенде Үкіметпен және Бас прокуратурамен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс. Бұл – әр теңге үшін саудаласпай, қажетті шараның бәрін өз еркімен жасау керек деген сөз. Олар осы елдің азаматы ретінде мектеп, аурухана, стадион, музей және басқа да әлеуметтік-мәдени нысандар салуға қомақты қаржы бөлуге міндетті. Мұндай кәсіпкерлердің есімі жоғары жандардың «алтын тізіміне» жазылады. Ал одан бас тартқан немесе сөзбұйдаға салған кәсіпкерлерге қатысты әңгіме басқаша болады.

2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жетуі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет. Қазір бұл көрсеткіш – 7 пайыз шамасында. Жыл басында мен орта бизнесті қолдау үшін нақты шешімдер қабылдау жөнінде тапсырма бердім. Яғни, жан-жақты шаралар қолға алынуы керек еді. Алайда іс жүзінде әлі дайын емес.

Әр кәсіпкер қолдаудың қандай түрі бар екенін және оған қалай қол жеткізе алатынын еш қиындықсыз біліп отыруы қажет. Сонда шағын бизнес орта бизнес санатына өтуге мүдделі болады. Бізде қазір қолдау шараларының 100-ден астам түрі бар. Бұдан білікті маманның өзі шатасуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қолдау шараларының қаншалықты тиімді екенін мұқият тексеріп шығу керек.

Ұсынылатын жеңілдіктердің бизнес өкілдеріне түсінікті бірыңғай тізімін әзірлеу қажет. Шағын және орта бизнесті дамыту үшін финтех тәсілдерін пайдалануға болады, бұл мәселе бойынша тиісті ұсыныстар бар.

Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет. Тасқын судан болған қиыншылықтарға қарамастан, дикандарымыз егін егу жұмысын дер кезінде аяқтады. Оларға зор ризашылығымыз білдіреміз.

Быыл егіс науқанына екі есе көп қаражат бөлінді. Алайда агроөнеркәсіпке бөлінетін бүкіл ақшаның 70 пайызы – мемлекет қаржысы. Бұл салаға коммерциялық банктердің қаражатын да тарту қажет. Дикандарға өсімі аз несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау шаралары қолға алынды. Банктерге қатысты осындай тәжірибені қолдану керек.

Мұның бәрі шаруаларды айналымға қажетті қаражатпен шұғыл қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қатерін азайтуға және несие алуды оңтайландыруға жол ашады.

Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялау тәсілінен арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет.

Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалмауға тиіс. Алайда шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр.

Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ мал санда бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал, мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек.

шетел инвесторларына жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал олардың, яғни бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқықбұзушылық деп саналуға тиіс. Демек ондай әрекетке жол бергендер тиісті жазасын алады. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін.

Ал кәсіпкерлер мен инвесторлар өз жұмысын адал жүргізіп, заңды сақтап, салық төлеуден жалтармауы керек.

ҮШІНШІ. Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет.

Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады.



Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі.

Жер телімдерін қайтару жөніндегі арнайы комиссия әкімдіктердің ауыл шаруашылығы алқаптарын конкурс өткізбей-ақ беру туралы екі мыңнан астам заңсыз шешім қабылдағанын анықтады. Бұл мәселеге қатысты екішұқты ұстаным болмауы қажет.

Заңсыз алынып, пайдаланылмай жатқан жер оңтайландырылған рәсім бойынша мемлекетке қайтаруға тиіс. Ал жерді пайдаланушы оған инвестиция салып, адал еңбек етіп жатса, жұмысқа бөгет жасамау керек. Сондай-ақ оның ауылды көркейткіп, тұрғындарға тұрақты жұмыс беріп отырғанын да ескерген жөн.

Көптеген меншік иесі өздері пайдасын көріп отырған жерден мыңдаған шақырым алыста тұрды, ондағы ауыл тұрғындарына қамқорлық жасау ойына кіріп те шықпайды. Бізге мұндай жер иелерінің қажеті жоқ. Үкімет пен Бас прокуратура оларға қатысты мәселені мықтап қолға алуға тиіс.

Азаматтар, әсіресе, ауыл тұрғындары қаржысыз, асырғанын қамын өзі ойлауы керек. Оларды осыған ынталандыру – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

Бытыр «Ауыл аманаты» жобасы басталды. Жалпы нәтижесі жаман емес. Енді осы жоба аясында тағы бір жана тәсілді, яғни «тауар несие» беру мәселесін қарастыру қажет.

Ауыл тұрғындарына өз өнімдерін өңдеуге және сатуға мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру өте маңызды.

Әр ауданда азаматтарға түрлі ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруді үйрететін орталық ашу қажет. Осындай жоба «Аманат» партиясының бастамасымен Жамбыл облысы Меркі ауданында жүзеге асырылды. Үкімет пен әкімдер бұл тәжірибені басқа да аймақтарға таратуды ойластыруы керек.

Жалпы, отандық бизнеске және

бамид, терефтал қышқылын өндіруге арналған басқа да болашағы зор жобалар қолға алынып жатыр.

«Орта Азия – Орталық» магистралды газ құбырының елімізге тиесілі 800 шақырымнан астам бөлігін жаңғырту жұмысы өте қысқа мерзімде аяқталды. Газ тасымалдау бағдарларын әртараптандыру және оның қуатын арттыру қажет. Тұрғындарды және экономиканы газбен қамтамасыз ету – Үкіметтің басты міндетінің бірі. Бытыр бірқатар газ кеніші игеріле бастады. Сондай-ақ жылғына жалпы көлемі бір миллиард текше метр газ өндіретін жаңа кен орындарын игеру жоспарланып отыр. Өзірге бұл жобалар толық іске қосылған жоқ. Сондықтан газды ішкі нарыққа тиімді бөлу қажет. Жылу-электр орталықтарын және қарапайым тұтынушыларды көмір орнына газ жағуға көшіру жұмысын байыппен жүзеге асырған жөн.

Үкіметке Жаңаөзендегі, Қашағандағы және Қарашығанақтағы газ өңдеу кәсіпорындарының құрылысын тездетуді тапсырамын. Бұл – басты міндет.

Осы саланы табысты дамыту үшін инвестицияның қайтарымын қамтамасыз ететін пәрменді ынталандыру шараларын қысқа мерзімде қабылдау, соның ішінде ақылға сыйымды тарифтер мен көтерме бағаларды белгілеу керек.

Газ кеніштеріне геологиялық барлау жасау үшін жаңа инвестиция тарту тұрғысынан алғанда бұл шаралар өте маңызды. Өйтпесе, экономиканы қажетті көлемде газбен қамтамасыз ету мүмкін емес.

ТӨРТІНШІ. Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу қажет.

Бұл жұмыс, ең алдымен, энергетика және коммуналдық шаруашылық саласында жүргізілуі тиіс.

Қазір энергия өндіретін жаңа нысандар салу үшін берілетін несие шарттарын қолайлы деп айта алмаймыз. Сондықтан Үкімет қаржы институттары арқылы ұзақ мерзімге арналған қолжетімді несие беру жолдарын ойластыруға тиіс.

Мемлекеттің ұзақ уақытқа арналған нақты тариф саясаты, яғни тиісті жоспары болуы керек. Бұл – осы салаға «ұзақ мерзімге инвестиция тартудың» негізгі шарты. Алайда тұтынушыларға арналған тарифтің орынсыз өсуіне жол беруге болмайды.

Энергетика және коммуналдық шаруашылық саласын жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны жыл соңына дейін бекіту керек. Коммуналдық ресурстарды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – өте өзекті мәселе.

Келесі жылдан бастап нақты ережелер енгізілуі тиіс. «Көп тұтынасаң – көп төлейсің» қағидатын басылыққа алу қажет. Алайда тұтынушылар жеке монополистердің шырмауында жалғыз қалмауға тиіс.

Заңнамаға әлеуметтік маңызды бар қызметтер деген ұғым енгізілуі керек. Оны мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сияқты реттеген жөн.

Қазір әлемде энергия тапшылығы күшейіп барады. Елімізге сенімді және экологиялық таза қуат көздері аса қажет. Сондықтан біз атом энергетикасын дамытуға баса мән беруіміз керек деп ойлаймын.

Себебі экономикамыз күн өткен сайын мол энергияны қажет етеді. Мұндай сұранысты атом энергетикасы қамтамасыз ете алады. Қазір дамыған және дамушы 30 мемлекетте 200-ге жуық атом электр стансасы жұмыс істеп тұр.

Біз еліміздің өзіне тән ерекшелігін және ұзақ мерзімге арналған ұлттық мүдделерімізді ескере отырып, тек алға қарай жүруіміз қажет. Бір сөзбен айтсақ, болашақты ойлауымыз керек. Сондықтан мен атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау қажеттігін ұдайы айтып келемін.

Стратегиялық жоспарларды қоғамда кенінен талқылау керек деп санаймын.

Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Бытыр мен бұл мәселе бойынша өз пікірімді айттым, яғни, референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім деп ойлаймын. Сондықтан мен Үкіметтің ұсынысын қолдаймын.

Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум быылғы 6 қазанда өтеді. Бүгін тиісті Жарлыққа қол қоямын.

Алдағы референдум кен ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Біз осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізін қалаймыз. Маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудың жана үлгісін жасаймыз.

«ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН: ЗАҢ МЕН ТӘРТІП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ, ҚОҒАМДЫҚ ОПТИМИЗМ»

жасайтын озық жүйе ойдағдай жұмыс істеуге тиіс.

Қазақстанның бірегей жануарлар және өсімдіктер әлемін сақтау мәселесі әрдайым өзекті болып қала бермек. Мемлекет алдағы уақытта да кен-байтақ даламызды және орманымызды өрттен қорғау үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

Қазақстанның табиғаты өте бай және алуан түрлі. Алайда орман-тоғайлар жеріміздің 5 пайызын ғана алып жатыр. Табиғаттың әралуандығын сақтау үшін біз орман алқаптарын көбейтуіміз қажет. Бұл міндет еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін де өте маңызды. Мен Президент болып сайланған күннен бастап осы мәселеге ерекше мән беріп келемін.

Елімізді қорғаландыру жұмысының қарқыны жаман емес. Тоқтап қалмай, оны жалғастыру қажет. «Семей орманы» аясында орман тұқым бағы бар. Бұл – Орталық Азиядағы халықаралық озық талаптарға сай көшет өсіретін бірден-бір кешен. Осы жобаны басқа да орманды аймақтарда жүзеге асырған абзал.

Орман-тоғайды көбейту бүкіл елді жұмылдыратын нағыз халықтық идеяға айналуы керек. Сондықтан ел ішінде ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн.

Баршаныңа мәлім, елімізде көктемнен бері «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы жүріп жатыр. Бұл – тұтас халықты ұйыстырған берекелі бастама.

«Таза Қазақстан» шарасына бірнеше айдың ішінде 3 миллионға жуық азамат атсалысты. Жүздеген мың үйдің ауласы тазартылды, 1 миллион тоннадан астам қоқыс жиналды. Осындай игі шаралардың арқасында қоғамда жаңа мәдениет, жаңа қоғамдық этика орнығып келеді. Мұны туған елге деген сүйіспеншілік, жанашырлық деуге болады. Ұлттың жаңа сапасы осындай нақты шаралар арқылы қалыптасады. Бұл – уақытша науқан емес. Осы маңызды жоба жыл бойы жалғаса беруге тиіс. Себебі, шынын айтқанда, кейбір санасыз азаматтарымыз табиғатты, көшелерді әлі де ластан жатыр. Осындай адамдардың әрекетіне заң бойынша тосқауыл қою керек. Бір сөзбен, қоршаған ортаның тазалығы әркімнің күнделікті дағдысына айналуы қажет.

Халқымыздың бойында жақсы қасиеттер өте көп. Мысалы, өзге елдер бізді қонақжай, ақкөңіл халық ретінде біледі. Дәл солай тазалық жұртымыздың қанына, жанына сіңген қасиет болуы керек.

«Таза Қазақстанның» аймақтарда сапалы жүзеге асуына әкімдер тікелей жауапты. Олар жұртқа істің мән-маңызын түсіндіріп, жұмысты дұрыс үйлестіруге міндетті.

Аймақ басшысы шаруашылықпен ғана айналыспайды. Әкім қоғамдық, рухани мәселелерді әрдайым назарда ұстауға тиіс. Әрбір басшы елмен етене жұмыс істеуі керек, тұрғындармен сенімді байланыс орнатуы қажет. Сонда жұрт та оның бастамаларын қолдайды, ел үшін пайдалы іске жұмыла кіріседі. Әкімнің абырой-беделі дегеніміз де – осы.

СЕГІЗІНШІ. Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру керек.

Мен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұсынғалы бес жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде қоғам мен билік құрылымдары арасындағы қарым-қатынас мәдениетін өзгерте алдық. Пікір билдірудің бірқатар тиімді тетігі және түрлі диалог алаңдары пайда болды. Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыптасуы жағдайға айналды. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қызметшілер мінез-құлқының жаңа моделін қалыптастырды. Олар жауапкершілікпен, проактивті, ашық және тиімді жұмыс істей бастады.

Дегенмен мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыру тәуісі үшін бәріміз адал әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген үдемдіз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек.

Біз талқылап жатқан мәселелердің мән-жайын біле бермейтін, тым асыра сілтеуге бейім тұратын популистердің қоғамдағы кейбір бастамаларды іліп алып, өз мүддесіне бұрып әкететінін көріп жүрміз. Мұның демократияға еш қатысы жоқ.

Өтініштерді қарауға қатысты жұмыстың бірінші экономайстері қалыптаса бастағаны өте маңызды. Бұл жүйе халықтың қажеттілігі мен талап-тілегін нақты біліп отыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар өз жұмысын жетілдіру үшін азаматтардың өтініштерін талдауға көбірек назар аударуға тиіс.

Азаматтарымыздың соңғы жылдардағы тағы бір талабы – әкімдерді тікелей сайлау жүйесін енгізу. Бұл талап та орындалды.

Ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі 2021 жылы енгізілді. Содан бері 2,5 мыңға жуық әкім сайланды. Бұл – барша ауыл әкімдерінің 90 пайызға жуығы деген сөз. Қалғандары әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталған 3-бей



кезде өз ретімен сайлана береді. Жаңа әкімдердің 60 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген. Олардың арасында әртүрлі кәсіп иелері, түрлі партия өкілдері бар. Орташа жасы – 46 жас. Бір сөзбен айтсақ, халық өзі таңдаған әкімдердің құрамы едәуір жаңғырды.

Бытыр күзде алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлай басталдық. Барлық облыста 45 әкім жаңа тәсілмен сайланды. Біз сайлау нәтижесін және сайланған әкімдердің жұмысын жан-жақты зерделедік. Соның қорытындысы бойынша түбегейлі шешім қабылдадық. Келесі жылдан бастап жаңа жүйеге біржола көшеміз. Бұдан былай аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері тікелей сайлау арқылы ғана қызметке келеді. Әкімдердің өкілеттік мерзімі аяқталуына қарай, яғни ротация мерзімі жеткенде сайлау біртіндеп өткізіле береді. Бұл да – саяси жүйені реформалау ісіндегі кезекті маңызды қадам. Саяси реформа – біртотық науқан емес. Мемлекеттің дамуына қажет болса, реформалар осылай үздіксіз жалғаса береді.



Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру мәселесі әлі де өзекті. Үміткерді қызметке тағайындаған кезде оның кәсіби және моральдық қасиеттерін мұқият ескерген жөн. Бұрынғы жұмысын қалай атқарғаны да қаперде болуы керек. Меритократия қағидаттарынан ешкім бас тартқан жоқ. Бұл бағыттағы жұмыстың аяқ алысы жаман емес. Қазір мемлекеттік органдардың бәрі қалр жөніндегі бірінші ақпараттық жүйеге көшті.

Енді Үкімет пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің қаржы мәселесіне қатысты жұмысын толық автоматтандыруы керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ. Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру қажет.

Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкел соқтырды. Оған бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды болып тұр. Осы ретте «Атапай» партиясы ұсынған «Қарызсыз қоғам» жобасын атап өткім келеді. Азаматтардың қаржылық сауатын арттыруға арналған осы жобаға бытыр 65 мың адам қатысты. Ал биыл одан да көп адам қатысады.

Мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізу қажет. Бұл жұмысты Үкімет қаржы саласын реттеу органдарымен бірге атқаруы керек. Мұның бәрі азаматтарымыздың әртүрлі алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына мүмкіндік береді.

Құзырлы органдардың бәрі заңға бағынатын жұртқа зардабын тигізіп жатқан алаяқтыққа және сол сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге қарсы батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Қазір «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заң жобасы әзірленіп жатыр. Осы заңның талаптарын орындау үшін қоғам мен мемлекеттік аппарат күш-жұмылдыруы керек. Сонда ғана жағдайды түзетіп, заң үстемдігін және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз.

Кез келген қоғамның, соның ішінде біздің қоғамның да басты ұғымдарға негізделген сұраныстары – әділдік және қауіпсіздік. Осы негізгі сұраныстардың толығымен өтелуі мемлекеттің тиімді жұмыс істейтінін айқын көрсетеді.

Елімізде ауқымды реформалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Саяси жаңғырудың нәтижесінде азаматтарымыздың өз ойы мен пікірін ашық айтып, мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне араласуына жол ашылды. Сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан терең өзгерістер жасалып жатыр.

Азаматтарымыздың құқығын қорғау саласында кешенді шараларды қолға алдық. Негізгі мақсат – әділетті қоғам құру және оның арқасында дамуың сара жолына түскен озық ел болу. Сондықтан біз осы бағыттағы

қамтамасыз етуге болады. Бұл – жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе.

Осы салаға жауапты мекеме автокөліктердің техникалық жағдайына тиісті бақылау жасауы қажет. Жүргізушілерді даярлау деңгейінің де төмендеп кеткені жасырын емес. Жүргізуші куәлігін арнайы оқымай-ақ алатын жайттар бар. Үкімет, әкімдер, Ішкі істер министрлігі батыл қалам жасауы керек. Депутаттар бұл мәселені назарда ұстауға тиіс.

Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы – айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мұлткіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты.

Тағы бір маңызды міндет – есірткі саудасына және нашакорлыққа қарсы күрес. Бұл – ұлттың генетикалық қорын аман сақтап қалу мәселесі деген сөз. Біз осыған дейін қажетті заңнамалық шараларды қабылдадық. Бірақ нақты нәтижеге қол жеткіздік деуге әлі ерте. Әрбір мемлекеттік құрылым, әсіресе, құқық қорғау органдары тиімді жұмыс істеп жатыр деп айта алмаймыз. Есірткі мәселесі ушығып барады.

Біз заң мен тәртіп, білім мен парасат үстемдік ететін қоғам құруымыз керек. Азаматтары, әсіресе жастары мәдениетті, жаңашыл әрі жасампаз ұлттың ұдайы түгел. Сондықтан біз өркениетті ел болуға келергі жасайтын жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың отырысында айттым. Елдің болашағына кесірін тигізетін бес кеселге тоқталдым. Содан бері біршама жұмыс атқарылды. Вандализмге, лудоманияға тосқауыл қоюын заңдар қабылданды. Вейпке, яғни электронды темекіге тыйым салынды. Қабылданған шаралардың нәтижесі қазірдің өзінде көрініп жатыр. Әлеуметтік кеселдің бәрімен тұтас жұмыс жасауға қаруымыз қажет.

Халқымыз қашанда кен пейілімен, толеранттылығымен ерекшеленген. Еліміздің басты құндылығы – бірлік пен келісім ең алдымен, осы қасиеттердің арқасында сақталып отыр. Қазақстанда тіліне, дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына және басқа да себептерге байланысты ешкімге ешқандай қысым жасалмайды, жасалуы да мүмкін емес. Әрине, мұндай жайттар ара-тұра кездеседі. Бірақ бұл көбіне жекемен адамдардың сауатсыздығы мен жауапсыздығынан болып жатады. Құқық қорғау органдары әрдайым заңарқылы мұндай оқиғалардың жолын кеседі.

Бұған қоса бізге белгілі кейбір теріс пиғыллы адамдар, оның ішінде шетелде жүргендер де бар, мәселені ушықтыру арқылы қоғамдық пікірге ықпал еткісі келеді, елімізге орынсыз шүйлігеді.

Қазақстанның қоғамында да, билігінде де ешқандай «фобия» бұған дейін болған емес, қазір де жоқ, болашақта да болмайды. Сондықтан ақша үшін ел ішіне ірікті салуды көздейтін мұндай жымысқы әрекеттерден түк шықпайтыны анық.

Біз үйлесімді, әділетті әрі тұрақты қоғам құру ісін жалғастыра береміз.

Біз – озық ойлы ұлтпыз. Сондықтан алдымен көздеп, түрлі арандатушылық әрекеттерден биік тұруымыз, парасатты ел екенімізді танытуымыз және тек заңға арқа сүйеуіміз керек.

Ылғи да кейін қайырылып, өткенмен өмір сүруге, бұрынғы жүйеден немесе саяси тұлғалардан кінә іздей беруге болмайды. Өз халқының тарихын білу керек, бірақ одан тек өңсенді түсіріп, өзгеге өкпе артуға

себеп іздемеу қажет. Қандай қасіретті болса да, өткен оқиғалардан, ең алдымен, тағылым ала білген жөн. Біз келешекке сеніммен көз тігіп, еліміздің өсіп-өркендеуі мен дамуын ойлауымыз қажет. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін.

Тағы да қайталап айтамын: біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз. Осы стратегиялық мақсатымызға жету үшін еліміздің бейбіт өмір сүруіне және тұрақты дамуына қолайлы сыртқы жағдай қалыптастыруымыз қажет. Бұл – қазіргі аса күрделі геосаяси ахуал кезінде өте жоғары кәсібилікті талап ететін дипломатияның міндеті.

Қазақстан бейбіт және теңгерімді сыртқы саясатқа қатаң ұстанатын келеді. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту, шетелдегі азаматтарымыздың құқықтарын қорғау, ұлттық мүдделерімізді ілгерілету, экономикаға инвестиция тарту – дипломаттарымыздың басты міндеті. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қатаң ұстана отырып, көпжақты ынтымақтастық орнатуға қашанда дайын екенін паш етіп келеді. Еліміз халықаралық қауіпсіздік және тұрақтылық мәселелерін шешуге белсенді атсалысады.

Біз Біріккен Ұлттар Ұйымы мен басқа да халықаралық ұйымдардың терроризмге, экстремизмге, зансыз көшіп-қонға, климаттың өзгеруіне және өзге де қауіп-қатерлерге қарсы күресу жолындағы талпыныстарын құптаймыз. Сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгерлік қызметін, қарусыздануға қатысты бастамаларын барынша қолдаймыз, қарулы қақтығыстарды дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санаймыз.

Астанада Қазақстанның төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының саммиттері сияқты бірқатар маңызды халықаралық іс-шара өтті. Бізге қолдау көрсеткен үшін одақтасарымыз бен серіктестерімізге шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Құрметті отандастар!

Қазір әлемде қандай түбегейлі өзгерістер болып жатқанын білесіздер. Экономикалық, саяси, климаттық және басқа да жаһандық, аймақтық ауқымдағы қауіп-қатерлер аз емес. Осындай жағдайда күнделікті шаруамен қатар стратегиялық маңызы бар көптеген мәселені шешуімізге тура келеді. Әрине, бір мезетте барлығына бірдей ресурсымыз жетпейтіні анық.

Ешкім де бәрін табан астында өзгерте алмайды. Жылдар бойы шешімін таппай келген мәселелер бар. Біз ештедені жасырмай, бәрін бүкпесіз ашық айтамыз. Қаншалықты күрделі болса да, барлық мәселені жүйелі әрі батыл түрде шешіп келеміз.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұр. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету, азаматтардың жасампаздығын әлеуетін толық ашу және халықтың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің маңызды міндеті.

Үкімет мүшелері, әкімдер, депутаттар және барша қоғам өкілдері әрдайым отандылық идеясына адал болуға тиіс. Әр іс елге деген жанашырлық ниетпен жасалуы керек. Әрбір қадамымыз елге пайдасын тигізуі қажет. Біз еліміздің байлығын үнемі пайдалансақ, табанды еңбек етсек, салық төлесек, өз өнімдерімізді сатып алатын болсақ, түрлі жобаларға инвестиция саласақ, мемлекетіміздің қуатын арттыра түсеміз. Демек Отанымызға да, отбасымызға да пайдамыз тиеті деген сөз.

Біз қиындықтарға мойымай, барлық мәселені біртіндеп, байыппен шешуіміз керек. Мұның бәрі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, қазіргі бұлыңғыр замандағы еліміздің тағдырына да тікелей әсер етеді.

Біздің ұзақ мерзімге арналған даму жолымыз – айқын. Биік мақсаттарымыз бар. Оған жету үшін, ең алдымен, ел бірлігін сақтай білуіміз керек. Бір-бірімізге қолдау білдіріп, құрмет көрсетуіміз қажет.

Біз – берекелі бірліктің арқасында түрлі сынақтан сүрінбей өткен халықпыз. Алдағы уақытта да солай болмақ. Бәріміз бір ел болып, әділетті және дамыған Қазақстанды бірге құрайық. Сонда әркім өз елінің кірпіші болып қаланып, арман-мұратына жете алады. Әр адамға және баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекетті, яғни Әділетті Қазақстанды болашақ ұрпаққа аманат ету – баршамызға ортақ міндет.

Мен Мемлекет басшысы ретінде осы міндетті орындауға бар күш-жігерімді саламын. Сіздер де ортақ мақсатқа жету үшін табанды еңбек етесіздер деп сенемін.

Қастерлі Отанымыз – Қазақстан өркендей берсін!

Халқымыз аман болсын!

akorda.kz

PIKIP-PAЙЫМ

ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНА
ҚҰРМЕТ ЖОҒАРЫ
БОЛУЫ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы Жолдауда 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялайтынын мәлімдеді. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ жұмысшы мамандықтарын дөріптеу арқылы ғана қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттауға болатынын жеткізді.

Өз басым бұл ұсынысты өте дұрыс деп есептеймін. Өйткені соңғы уақытта елімізде заңгер мен экономист болғысы келетіндердің қарасы көбейді. Мектеп бітірген жастар жаппай жоғары оқу орнында оқып, оны бітіргесін жайлы кабинетте отырғысы келеді. Бірақ бәріне бастық болу қайда?! Сондықтан жұмысшы мамандықтарға да сұраныс жоғары болатындай жағдай жасап, бұған жастардың назарын бұру керек. Мысалы, құрылыс саласына электрші, монтаждаушы, қаптаушы материалдармен жұмыс істейтін шеберлер, жұмысшылар ауадай қажет. Ендеше, мұндай мамандық иелерінің адал еңбегін ел арасында кеңінен насихаттауға тиіспіз.

«Біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік менгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамның мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс», – деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келетінін, адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы қажет екенін баса айтты. Осы орайда жұмысшы мамандықтардың белден көтеру үшін оқу орнындағы кәсіптік бағыт-бағдар беру жүйесіне жанаша көзқарас керек деп есептеймін.

Имамзада ШАҒЫРТАЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

ҮЛКЕН БЕТБҰРЫС,
ҮМІТКЕ ТОЛЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» аталатын Жолдауын жария етті.

Жолдауды тыңдап, өмірімізге өзгеріс әкелетін тың бастамаларды танып, көңілімізге жақсы әсер қалдырғандығын жасырмаймыз.

Мемлекет басшысының әрбір Жолдауынан халықтың қоғам өміріне қатысты жаңа серпіліс күтетіні анық. Бүгінгі күн осындай үдеден шықты деп білемін.

Қоғамның, халық тұрмысының дами түсуі үшін кәсіптің жағдайын түзету керек екендігі жеткілікті айтылып жүр. Ал отандық өнім нарығына жол ашатын кәсіпкерлердің күні банкке байлаулы. Олар банкке қоятын кепілдік пен төлейтін өсімнің көптігінен еткен еңбектің қарымын қайтара алмайды. Дәл осыған қатысты



Президент: «Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажет.

Қазір нақты секторға несие әлі де ойдағдай берілмей жатқанын ашық айтуымыз керек. Шағын және орта бизнесті жеткілікті қаржыландыру мәселесі де шешімін тапқан жоқ. Бұл жағдай

еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отыр. Үкімет пен Ұлттық банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдер ойластыруы керек. Банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажет» деді.

Бұл үлкен бетбұрыс, үмітке толы жаңалық.

Сонымен бірге жеке қарыз алушылар жағдайына қатысты да мемлекеттік тұрғыдан мән берілуі халық тұрмысына алаңдаудың алдыңғы шарттарының бірі деп санаймын.

«Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл – өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды. Халықтың әл-ауқатын жақсартуға септігі тиетін басқа да көптеген

шара қолға алынды. Сіздер бұл жұмыспен тікелей айналысып, халықпен әрдайым тығыз байланыста болдыңыздар. Мұның бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға ықпал ететін сөзсіз» деген Мемлекет басшысы билік орындарының халықпен тікелей жұмыс істеуіне тағы да баса назар аударды.

Шындығында, билік халықпен тығыз араласуы керек. Қоғамға ашынушылардың өршуі алшақтаудан пайда болады.

Жалпы алғанда, Жолдауда еліміздің саяси және әлеуметтік-экономикалық даму келешегімен байланысты мәселелер қамтылды.

Енді халыққа жаңа жобалардың игілігін көру күні де алыс емес деп есептейміз.

Әріп ХОЖБАНОВ,
Облыстық қоғамдық кеңес төрағасы

ӨМІР САПАСЫ
ӨЗГЕРІСТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Президент еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін нақты 9 бағдарды айқындап берді. Соның ішінде денсаулық сақтау саласына қатысты да орамды ой айтылып, нақты міндеттер жүктелді. Медицина саласының өкілі, дәрігер ретінде бұл мені бейжай қалдырмады.

Мәселен, ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту керектігі айтылды.

«Биыл денсаулық сақтау саласына бюджеттен 3,3 триллион теңге қаржы бөлінді. Бірақ, оның нәтижесі әлі көрініп жатқан жоқ. Медициналық сақтандыру жүйесіне қатысушылар арасында міндеттердің дұрыс бөлінбеуі бұрмаланған ақпараттың көбеюіне әкеп соқтырды. Науқастарға мемлекет кепілдік берген қызметтерді ақылы негізде алуды немесе бірнеше ай бойы кезек күтулі ұсыну жайттары аз емес. Бұған жол беруге болмайды. Бюджеттің мүмкіндігі мен міндеттемесін ескере отырып, мемлекет кепілдік беретін медициналық көмектің



бірінші базалық топтамасын жасау қажет. Ал одан асып кеткен шығынның бәрі сақтандыру жүйесі арқылы төленуге тиіс. Цифрландыру болмаса, мұндай ауқымды өзгерістерді сәтті жүзеге асыру мүмкін емес» деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге білікті медицина мамандарының тапшылығы әлі де өзекті мәселе екені айтылды. Бұл мәселені шешу үшін, ең алдымен, медицина саласындағы білім сапасын барынша арттырып, соның ішінде грант құнын білім

беру үдерістерінің деңгейіне қарай саралау арқылы белгілеп, тиімді тарату қажет.

Тағы бір мәселе АЭС салуға қатысты. Халық арасында АЭС салуды құптағандар да, қарсылар да баршылық. Әлеуметтік желілерде бұл тұрғыда көптеген пікірлер айтылып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаев бұған қатысты алдағы 6 қазанда референдум өтетінін жариялады.

Сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтарға қолдау көрсету мақсатында Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыруды тапсырды. Оған қоса кәсіптік білім беруді реформалау қажеттігін айтып, келер жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялайтынын жеткізді.

Жалпы Жолдауда көтерілген мәселелердің барлығы халықтың тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік-экономикалық дамуы, өмір сүру сапасын жақсарту үшін өте маңызды.

Абдулла ШҮЛЕНБАЕВ,
Денсаулық сақтау саласының ардагері

ЖАҢАШЫЛДЫҚ
ӨРІСТІ КЕҢЕЙТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы қоғамда маңызды рөл атқарады және ел дамуының стратегиялық бағыты ретінде әрекет жасайды.

Осы жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауда саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың өзекті бағыттары айқындалды. Әрбір бағыттағы мақсат-міндеттер келешегіміз үшін жұмыс істеуге жұмылдырады, еліміздің даму траекториясын нығайта түседі.

Жолдауда экономиканы білікті кадрлармен қамтамасыз ету ең өзекті міндет екендігі айтылды. Расында да, білімді және білікті жұмыс күші экономикалық өсу мен дамуының негізі. Салалар дамып, әлемдік экономикада технологиялық прогресс өзгерген сайын жоғары білікті мамандарға сұраныс артып, білім беру мен оқыту жүйесін еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкестендіру қажеттігі туындайды. Шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орнының жұмыс жүргізе бастауы білім беру жүйесінің сапасы мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі еліміздің стратегиялық бастамасы деп ойлаймын.

Бұл қадам бірнеше маңызды артықшылықтар әкеледі: біріншіден, белгілі шетелдік университеттер елдегі академиялық стандарттарды арттыруға үлес қосады. Озық оқу бағдарламалары, оқытудың инновациялық әдістері, жанғырған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жергілікті университеттердегі білім сапасын арттыруға көмектеседі. Екіншіден, Қазақстан студенттері енді елден шықпай-ақ халықаралық стандарттарға сай білім алуға мүмкіндік алды. Жаһандық білім мен озық тәжірибеге қол жеткізу түлектерді әлемдік еңбек нарығының талаптарына жақсырақ дайындай алады. Үшіншіден, шетелдік университеттер жергілікті инновациялық экосистемелерді дамытуға ықпал ете алатын күшті зерттеу бағдарламаларына ие. Бірлескен зерттеу бастамалары экономикалық өсімді ынталандырып, жаңа технологиялық жетістіктерге әкелуі ықтимал. Төртіншіден, халықаралық университеттердің болуы мәдени алмасу мен әралуандылықты арттыратын орта құруға ықпал жасайды. Мұндай ықпал студенттердің ой-өрісін кеңейтіп, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын жетілдіреді және жаһанданған әлемде жұмыс істеуге дайындайды. Бесіншіден, жоғары білім беруді ықпалдастырудың экономикалық оң әсері бар. Бұл процесс Қазақстанға жергілікті экономикаға үлес қосатын шетелдік студенттерді тарта алады. Сондай-ақ әлемдік деңгейдегі ірі компаниялар елде білімді және жаһандық көзқарастағы білікті кадрлар бар екенін көріп, инвестициялауға ынталануы мүмкін.

Білім, оқыту және үздіксіз кәсіби дамуға инвестиция құю ілгерілеуге негіз болатыны сөзсіз. Осы мақсатқа басымдық беру арқылы еліміз адами капиталды жақсарта алады, біліктілік тапшылығын азайтып, икемді және серпінді экономика құра алады.

Мұрат НАСИМОВ,
Саяси ғылымдарының кандидаты, профессор,
қауымдастырылған профессор

ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР
ӨМІРШЕНДІГІН КӨРСЕТУДЕ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында «АМАНАТ» партиясының «Ауыл аманаты», «Қарызсыз қоғам» партиялық жобаларының маңыздылығын атап өтті.

Ауыл халқының табысын арттыру мақсат еткен «Ауыл аманаты» жобасы аз ғана уақыттың ішінде өз жемісін бере бастады. Өңірде жаңа өндіріс орындары іске қосылып, азаматтар табыс тауып қана қоймай, халық тайқазанына алғашқы салығын да төлеп жатыр. Екінші, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне ықпал етіп отыр.

Ел азаматтарының шамадан тыс несие алуы мәселесіне келсек, бұл бағытта Мемлекет басшысы қоғамда жаңа «Қаржылық мәдениет» қалыптастыру қажет екенін үнемі айтып келеді. Елімізде қиын жағдайға тап болған отбасылардың несиесі кешіріліп, жеке тұлғалардың банкрот-



тығы туралы заң қабылданды, халықтың несиеге тәуелділігін төмендету бойынша жаңа заңнамалық түзетулер жасалып жатыр. Партияның «Қарызсыз қоғам» жобасы қарызға белшеден батып, үмітін үзгендерге

нақты қолдау көрсетіп келеді. Жоба қолда бар қаражатқа өмір сүруге, қажетсіз несиден бас тартуға үйретуде. Нәтижесінде еліміздің барлық өңірінде 200 мыңнан астам адам қаражатқа жауапкершілікпен қарап, табысты арттырудың әдіс-тәсілін үйренеді. Енді мұны, қаржылық сауаттылық курстарын мектеп қабырғасында, колледждер мен жоғары оқу орындарында оқыту қолға алынды. Бұл қадам 100 мыңға жуық студент пен 450 мың жоғары сынып оқушыларының сауатын арттыруға мүмкіндік береді. Осылайша, биыл еліміз бойынша жоба аясында 750 мың адам қамтылса, біздің өңірден 11000 азамат қаржылық сауаттылық арттыру курсынан өтетін болады.

Осы орайда Мемлекет басшысы цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтырып

отырғандықтан қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды екенін тілге тиек етіп, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында Үкімет қаржы саласын реттеу органдарымен бірге мектептерде, жоғары оқу орындарында қаржылық және цифрлық сауаттылық негіздерін үйрететін білім бағдарламасын енгізуді тапсырды. «Бұл азаматтарымыздың әртүрлі алаяқтардың құрығына түсіп қалмауына мүмкіндік береді» деді Президент.

Бұл өз кезегінде бүгінгі тәжірибе көрсеткендей, күрделі әлеуметтік мәселені шешу үшін қоғамда жаңа «Қаржылық мәдениет» қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Алмасбек ЕСМАХАНОВ,
«АМАНАТ» партиясы
облыстық филиалының төрағасы

БІЛІМ-ҒЫЛЫМҒА БАСЫМДЫҚ
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ КҮШЕЙТЕДІ

Әдеттегідей алтын күз жаңа саяси науқанмен басталды. Парламент Палаталарының бірлескен отырысы Мемлекет басшысының Жолдауымен ашылды.

Жалпы Жолдау мазмұнына талдау жасар болсақ, адамдардың бойындағы жаңа әдеттер мен дағдылардың қалыптасуы, жаңа құндылықтардың орнығып жатқан кезеңдегі жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік-экономикалық реформаларға басымдық берілген. Осыған дейін аталған мақсаттағы қабылданған бірнеше Заңдар мен заңнамалық құжаттар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын орнықтыруға сенім ұялатады.

Экономиканы әртараптандыру, инфляцияны ауыздықтау, ақша-несие саясаты, мен фискалды саясат арасындағы үйлеспей жатқан мәселелерді шешу маңызды мәселе болмақ, себебі бүгінгі күні ел экономикасының басты көрсеткіші шағын және орта бизнес нәтижелері мен табыстарынан көрініп, бағаланатыны жасырын емес.

Дегенмен білім, ғылым саласы өзміз осы саланың өкілі болғандықтан әрдайым бізді қызықтыратынын рас.



Жолдауда еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттырудың маңыздылығы баса айтылды. Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауымен бүгінгі күні Қазақстанда халықаралық рейтингтерде топ университеттер қатарындағы 25 жоғары оқу орны филиалдарын ашып, қосдипломды бағдарлама, бірлескен білім бағдарламаларын ашып жұмыстарын жүргізе бастады.

Интернационалдандыру страте-

гиясын жүзеге асыра отырып, осы үдерісті ғылыми технологиялық басымдықтармен үйлестіру өте өзекті мәселе. Осылайша отандық мамандар мен ғалымдар, олардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері халықаралық аренада мойындалмақ. Осы ретте жасанды интеллект бағыты бойынша мамандар даярлаудың да маңызы зор, бұл саладағы мамандардың елімізде, оның ішінде өңірмізде даярлана бастауы көңілге үміт ұялатады.

Жолдауда аталып өткен тағы бір басты мәселе – кәсіптік білім беру саласын реформалау. Бұл ел экономикасын дамытудың басты қозғаушы күші, сонымен қатар инвестициялық тартымдылығын арттыру ретінде аса маңызды қадам екені аталды. Мемлекет басшысының сөзімен айтар болсақ «... жұмысшы мамандарын дөріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясы насихатталады».

Бүгінде елімізде кәсіптік және техникалық білім ұйымдарының заман талабына сай қол жеткен жетістіктері қомақты. Аймағымыздағы осындай білім ордаларының мәртебесі де болашақта биіктей

бермек, дегенмен алдағы уақытта жүктелер міндеттер мен жауапкершіліктің салмағы да зор болады. Осындай әрбір оқу орны білім алушыларға кәсіпкерлік дағдыларын оқытып, соған бейімдейтін болса, диплом алып шыққан жас маман өз кәсібін ашып кетуіне де мүмкіндіктер ашылмақ. Мұндай тәжірибе шетелдік оқу орындарында жүйеге қойылған.

Сондықтан да осындай мәселелердің барлығын ескере отырып, Мемлекет басшысы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны тегін емес деп ойлаймыз.

Қорыта келе биылғы Жолдау еліміз экономикасының өсіміне, әлеуметтік саланың одан әрі өркендеп, білім, ғылымның дамуына серпін беретін маңызды құжат деп қабылданып отыр.

Абайбек ЖҮНИСОВ,
Қызылорда ашық университетінің бірінші проректоры,
техника ғылымдарының кандидаты, профессор,
Халықаралық Болашақ стипендиясының иегері



«БІРЛІК КЕРУЕНІ» СЫР ЕЛІНДЕ

Мемлекет басшысының бастамасымен қыркүйек айының 8-13-і күндері Астана қаласында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл – Орталық Азия көшпелі халықтарының дәстүрінен бастау алатын этникалық спорт түрлерін айшықтайтын бірегей іс-шара. Басты мақсаты – көшпелілер өркениетін қайта жаңғырту, оны сақтау және дүйім елге танымал ету. Ойынның ажырама бөлігіне айналған «Бірлік керуені» Сыр өңірінде өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Сыр ана» монументіндегі салтанатты іс-шараға қатысып, ойыншыларға сәттілік тіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстандағы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ірі оқиға болмақ. Олар ұлттық спорт пен салауатты өмір салтын насихаттау үшін де, бауырлас халықтар – Ұлы дала көшпелі өркениетінің мұрагерлері арасындағы мәдени және гуманитарлық байланыстарды кеңейту үшін де маңызды», – деп атап өтті. Әлемдік этно-спорттың басты оқиғасына 89 елден 2 мыңнан астам спортшы қатысады. 21 спорт түрінен 97 медаль сарапқа салынады. Бұл – әлем елдері асыға күткен спорттық жарыс.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында бүгінгі күнге дейін түрлі деңгейдегі 80-нен астам шара ұйымдастырылды. Су алу рәсімі көнеден бері кең тартқан, көшпенділер өркениетінің тарихынан сыр шертетін қарт Қаратаудың етегіндегі «Сауысқандық» шатқалында өткізілді. Осы шараның «Сауысқандық» өткізілуінің өзіндік символдық мәні бар. Бұл – тарихи терең археологиялық мұра әрі табиғи ландшафты ерекше орын. Біздің заманымызға дейінгі II мыңжылдық басында Ұлы даланың байрақты ұлдары өмір тіршілігін тасқа қашап жазып, әлемдік руханият пен мәдени мұраға өлшеусіз үлес қосқан. Шиелі ауданы «Сауысқандық» шатқалында басталған

су алу рәсімі бүгін міне, Қызылорда қаласында жалғасын табауда. Сыр өңірінен Астана қаласына аттанатын киелі су мен батырларымыздың, сенім артқан елшілеріміздің сапары сәтті болсын! – деді аймақ басшысы.

Нұрлыбек Машбекұлы керуеннің көшбасшысы, «Қазақстан барысы» Мақсат Исағабайұлы «Сауысқандық» шатқалынан алынған суды табыстап, сайыста сәттілік тіледі. Ұлы дала салтын дәріптеп, ел абыройын асқақтататын ауқымды шараға Сыр өңірінің атынан 4 спортшы 3 спорт түрінен сайысқа түседі.

Алғаш рет Қырғыз Республикасында ойластырылып, жүзеге асырылған халықаралық спорттық шара әлемдік мәртебеге ие болып, барған сайын Еуразия кеңістігін ғана емес, басқа да елдерді қамтып, кең аудиторияның назарын аударды. Оны өткізу құқығының Қазақстанға берілуімен елдер тізімі де кеңейді. Көшпенділер ойындарына бірінші кезекте халқы көшпелілер өркениетінің мұрагері болып саналатын елдер қатысады. Ал Астанада өтетін Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына әлемнің түкпір-түкпірінен, соның ішінде көшпелілер өркениетіне қатысу жоқ елдерден де командалар қатысады деп жоспарлануда.

Бүгінде ДКО ұлттық спорт түрлерінен әлемдегі ең ірі жарыс болып есептеледі. Астана қаласындағы 7 күнге созылатын жарыстарға 100-ден астам елден 3000-ға жуық қатысушы келеді.

ЫСТЫҚ СУ 187 ҮЙГЕ ЖЕТКІЗІЛЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен Қызылорда қаласының тұрғындарын орталықтандырылған ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға жауапты сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі бөлінген қаржыны тиімді пайдалануды, жұмысты сапалы жүргізуді ескертті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Қызылорда қаласының көпқабатты тұрғын үйлеріне ыстық су құбыры жүргізілуде.

Биыл Үкімет резервінен 187 тұрғын үйге құбыр тартуға 11 млрд теңге қаржы бөлінді. Ендігі ретте, осы қомақты қаржыны тиімді, уақытылы және сапалы игеруіміз қажет. Сондай-ақ келесі жылға жоспарланған істер осы бастан жүйеленгені жөн. Қазір екі

ауысымдық режимге көшіп, жұмысты жеделдетіңіздер. Қазан айында тұрғындар ыстық сумен қамтылуы тиіс.

Оған қоса, әлеуметтік желілерде, бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндірме жүргізуді назардан тыс қалдырмаңыздар. Көпқабатты тұрғын үйлердегі жұмыс барысын күнделікті қадағалаңыздар.

Ыстық су – қала тұрғындарының қаншама жыл күткен игілігі. Істі бастадық па, соңына

дейін жеткізуіміз керек.

Өріптестер, берілген тапсырмалардың орындалуы қатан бақылауда болады. Алдағы жылу беру маусымына дейін жұмысты аяқтап, тұрғындар ыстық суды пайдалана бастауы қажет, – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар жиында жауапты басшыларға мердігер мекемелермен күнделікті байланыста болу, тапсырмалардың орындалуын қадағалау міндеттелді.

ЖАНСЕЙІТ АУЫЛЫНЫҢ ЖАҢА МЕКТЕБІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Шиелі ауданы, «Иіркөл» ауылдық округіне қарасты Жансейіт ауылында 100 орындық жаңа мектептің ашылу рәсімі өтті. Салтанатты жиынға жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жиналған қауымды жұмысын жаңадан бастаған білім ошағының ел игілігіне берілуімен құттықтады.

– Білім мен тәрбиенің алтын бесігі – жаңа мектептің ашылуы жерлеріміздің қуанышына бөледі. Бүгін міне, ел ағаларымен бірге салтанатты рәсімде бас қостық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сапалы білім беру – бәсекеге қабілетті, өркениетті ел болудың кепілі» деп ерекше атап өтті. Шын мәнінде, білім алуға қолайлы жағдай жасау елімізді өркениет шыңына жетелейді. Жас ұрпақтың білімді, саналы, салауатты болып жетілуіне барлық жағдай жасалуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 733 млрд теңгеге жетті. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

Биыл білім саласына бөлінген қаржы 262 млрд 100 млн теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 35,8 пайызын құрады. Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында өңірде 21 мектеп салу жоспарланған. Оның 10-ның құрылысы биыл аяқталса, 11 мектеп келер жылы пайдалануға беріледі. «Жайлы мектептің» біреуі Шиелі кентінде бой көтереді.

Сіздерді жаңа ғимараттың ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мектептен алдыңғы буынның ізгі жолын жалғайтын білімді, талантты шәкірттер түлеп ұшады деп сенеміз, – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және заманауи мектеп ғимаратының сапалы салынуына сәйкес үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, Қызылорда қаласында «Білімді қолдау қоры» есебінен дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернатының құрылысы жүргізілуде. Өткен аптада «Шығармашылық-инновациялық орталығының» іргетасы қаланды.

Арал ауданы Тоқабай ауылындағы апатты мектеп және «Ақшатау» ауылындағы бастауыш мектептің жаңа ғимараты жеке инвесторлардың демеушілігімен бой көтеруде. Жаңақорған және Шиелі аудандарында 200 орындық «Оқушылар үйі» мен 50 орындық «Өнер мектебінің» құрылысы жүруде. Өткен жылы облыс орталығындағы 4 мектептің орын тапшылығы мәселесі 1850 орынға арналған қосымша ғимараттар салу арқылы шешілді. Бір жағынан қаржы үнемделді, екінші жағынан мектептер үш ауысымды оқуға көшкен жоқ.

Биыл Шиелі, Жаңақорған, Қармақшы аудандарындағы, Қызылорда қаласындағы мектептер жылынан қосымша ғимарат, асхана, спорт залы сияқты құрылыстар салында. Облыстық бюджет есебінен 8 мектеп ғимараты күрделі жөндеуден өтті.

Бүгінде Шиелі ауданының бюджеті 15 млрд. 873 млн. теңгеге жетті. Аудандағы 39 елді мекеннің 95 пайызы, 86 мың тұрғынның 99,9 пайызы сапалы ауызсу құбырына қосылған. Халықты электр қуатымен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында бас қосалқы станцияны қайта жаңғырту басталды.

Биыл «Ортақшыл» елді мекеніне газ құбырын тартуға облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Осы ауыл жыл аяғына дейін газға қосылған соң аудан тұрғындарының «көгілдір отын» тұтыну көрсеткіші 80%-ға жетеді.

Шиелі кентінде «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 30 төсектік жұппалы аурулар бөлімінің, аурухана жанынан МРТ аппараты орналасатын қосымша блоктың құрылысы қарқын алды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Елімізде қыркүйек айының екінші жексенбісі – Отбасы күні. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов «Анаға тағзым» орталығында аймақтағы БАҚ өкілдерімен кездесіп, мереке аясында жоспарланып отырған ауқымды іс-шаралар жобасымен таныстырды.

ОТБАСЫ КҮНІ АЙРЫҚША АТАЛЫП ӨТЕДІ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, кадрлей білген. Үлкенге құрмет, кішіге ізет – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деп атап өткен еді.

Расында, біздің халқымыз үшін отбасы – қасиетті ұғым, кәсіпкерлік құндылық. Адам баласына берілетін тәрбиенің ең негізі отбасында қалыптасады. Елімізде 2013 жылдан бастап жыл сайын қыркүйектің екінші жексенбісі «Отбасы күні» аталып өтеді. Биыл мемлекет тарапынан мерекені жаңаша сипатта атап өту жоспарланып отыр. Атап айтсақ, Мәдениет және ақпарат министрлігі арнайы тұжырымдама әзірледі. Соның аясында 2-8 қыркүйек аралығында әр күнге тақырыптық бағыттар қойылды, – деді Ш.Байманов.

Айталық, 2-8 қыркүйек аралығында «Отбасылық дәстүрлер: тарихымызды сақтаймыз, болашақты құрамыз», «Отбасын жоспарлау», «Саналы түрде ата-ана болу», «Дені сау ұрпақ», «Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі», «Отбасылық әл-ауқат», «Отбасылық демалыс – бақытты болашаққа инвестиция» сынды тақырыптарға сай әр күні қоғамдық сипатта мәдени-танымдық іс-шаралар өтеді.

Мереке аясында «Отбасы – бақыт мекені» атты «Алтын той» иелерінің қатысуымен өтетін мерекелік салтанатты шара, «Бақытты отбасы» мемлекеттік қызметтегі отбасылардың қатысуымен отбасылық квест, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысу жөнінде атанған, сондай-ақ басқа да үлгілі отбасылардың мүшелерімен қала және аудандардағы мектептер мен колледждерде кездесулер ұйымдастырылады.

Бұл бастама өз кезегінде отбасы мен некені дәріптеуге, отбасы құндылықтарын насихаттауға, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, балалардың қарт ата-аналарына қамқорлық көрсетуіне, отбасылық дәстүрде жинақталған тәжірибені жастарға ұсынуға бағытталған.

Облыс әкімінің орынбасары баяндамасын қорытындылай келе кейінгі жылдары өңірде салынып жатқан түрлі мәдени, рухани нысандар отбасы құндылығын насихаттау, жас ұрпақтың жайлы болашағын қалыптастыруға игі ықпал ететінін атап өтті.

– «Отбасы», «шаңырақ» ұғымының қадір-қасиетін түсіндіру мақсатында «Отбасы орталығы» және балауаза бойжеткен қыз баладан ардақты асыл әжеге дейін бас қосатын талбесік – тәрбие мектебіне айналған «Анаға тағзым орталығы» өз қызметін нәтижелі жүзеге асыруда.

Байрақты бәсекелерде көк туымызды желбіретер болашақ чемпион жастарымыз үшін заманауи 10 мың орындық стадион, үстел теннисі орталығының құрылысы аяқталуға жақындады. Алдағы уақытта көпфункционалды «Қызылорда арена» кешені салынады.

Бытыр облыс көлемінде 9 спорт кешені қолданысқа берілсе, биыл 15 кешеннің құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларды қолдау мақсатында пәрменді шаралар қараланды. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін өткен жылы 100 пәтер, ал осы жылдың бірінші жартыжылдығында 127 пәтер берілді.

Облыс бойынша 130 мың шаршы метр болатын, 2 мыңға жуық пәтерді қамтитын 36 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Осы жұмыстардың барлығы – отбасы әлеуетін арттыруға жасалған мемлекет қолдауы, – деді ол.

Айта кетейік, биыл өңірдегі тіркелген неке саны өткен жылмен салыстырғанда 7 пайызға артқан. Сондай-ақ қош-қон мәселесінде аса көп өзгеріс жоқ, өңірде тұрақтылық қалыптасқан.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ: ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ҚАРҚЫНДЫ

Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаменті «Қызылорда жылу-электр орталығына» баспасөз турың ұйымдастырды. Шара барысында инвестициялық бағдарлама бойынша қайта жаңғырту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды.

Қалада жылу маусымына дайындық қызу жүріп жатыр. «Қызылорда жылу-электр орталығы» Қызылорда қаласын электрмен және жылумен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда кәсіпорын балансында 23 энергия көзі бар. Оған 2 бу қазандығы, 2 бу турбинасы бар ЖЭО, 3 газ турбиналы қондырғысы және 3 қалдық жылу қазандығы бар КОГТЭС, 7 бу қазандығы бар Оңтүстік қазандық және 19 дербес блок-модульдік қазандық (АБМК) кіреді.

Алдымен БАҚ өкілдері автономды блокты-модульдік қазандық жұмыс барысымен танысты. Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департаментінің басшысы Айбек

Егембергеновтің айтуынша, қазіргі уақытта аймақта жылу желілерінің 44,7 пайызы тозған. Оны азайту және жылумен жабдықтау сапасын арттыру мақсатында департамент пен ҚЖЭО 2021-2026 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаны бекіткен. Аталған бағдарлама аясында негізгі қорлар жаңартылып, жаңғыртылады, желілердегі апатты жағдай азаяды және көрсетілетін қызмет сапасын жақсартылады.

Екінші бағыт Желтоқсан және Қорқыт ата көшесінің қиылысы болды. Мұнда көшелер қазылып, тозығы жеткен құбырлар алынууда. Ұзындығы 2,973 шаршы метр болатын кварталаралық жылу желісін қайта

жаңғыртуға бюджеттен қаржы бөлінген, магистральдық жылу желісін жаңғыртуға да қаражат қарастырылған. Бүгінде мердігерлер жоспарлы жұмыстың 60 пайызын атқарып, мерзімінен бұрын аяқтауға күш салуда.

Мұнан кейін БАҚ өкілдері Оңтүстік қазандықтың жұмысымен танысты. Орталықтың бас инженері Наурыз Сатханов жылу маусымына дайындық барысын баяндады.

– Бізде дайындық көктемнен басталады. Өйткені, өткен жылғы ақаулар қалпына келтіріледі. Оңтүстік қазандықта 7 бу қазандығы бар. Оның «Боно энерджи» маркалы үшеуін жаңғыртуға 7 млрд теңгенің жұмасы жасалды. Биыл бюджеттен 2,7 млрд теңгесі бөлінді. Қалғаны алдағы жылдарға жоспарланған. Мердігер мекеме анықталып, қажетті құрал-жабдықтарға тапсырыс берілді. Жұмыс 85 пайызға орындалды, – дейді бас инженер.

Айта кетсек, өткен жылы кәсіпорынның инвестициялық бағдарламасы аясында негізгі және қосалқы жабдықтарға, 3,031 шақырымдық әртүрлі диаметрлі кварталаралық жылу желілеріне жөндеу жүргізілген. Сондай-ақ 2,3 шақырым кварталаралық жылу желілері қайта жаңартылып, оған 761,019 млн теңге қаржы бөлінген. Ал магистральдық жылу желілерін қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылған.

– Президент Жолдауындағы тапсырмаларды орындау шеңберінде былтырдан бері «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы қолданыста. Оның негізгі міндеті – табиғи монополиялар субъектілеріне қосымша инвестициялар тарту арқылы жөндеу жұмыстарының көлемін ұлғайту есебінен электр, жылу және сумен жабдықтау сала-

сындағы желілердің тозуын кезінде 15-20 пайызға азайту.

Осы бағдарламаны басшылыққа ала отырып, орталық өткен жылға арналған инвестициялық бағдарламаға тозу дәрежесін 3,13 пайызға дейін азайту үшін 8 нысанда кварталаралық және магистральдық жылу желілерін қайта жаңғыртты. Қазіргі уақытта станцияны алдағы жылу маусымына дайындау, кәсіпорынның экономикалық дамуы, техникалық қайта жарқандыру және қайта құру, оның ішінде инвестициялық бағдарламаны іске асыру бойынша бірқатар міндеттер орындалды, – дейді департамент басшысы.

Ал биылға арналған инвестициялық бағдарламаны іске асыруға 6247,4 млн теңге қарастырылған. Оған негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеу, 4,3 шақырым кварталаралық жылу желілерін жөндеу жұмыстары кіреді. Тағы 6 нысанның

кварталаралық және магистральдық жылу желілері қайта жаңғыртылады. Оған 6137,7 млн теңге бөлінді.

Негізгі және қосалқы қондырғылар мен кварталаралық жылу желілерін жөндеу 58 пайыз, кварталаралық және магистральдық жылу желілерін қайта жаңғырту 52 пайыз орындалған.

Мұндай жұмыстар көрсетілетін қызметтердің сапасы мен тиімділігін арттыруға, жылу және электр қуатының тапшылығын жабуға, отын шығынын азайтуға, негізгі және қосалқы жабдықтардың сенімділігін арттыруға, еңбек шығындарын азайтуға, тозған жылу жүйелерін, жылу шығындарын азайтуға және тұтынушыларды жылумен жабдықтау сапасын жақсартуға мүмкіндік бермек.

Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»



Қай кезеңде, қандай заманда да ұлтын сүйген, болашағын ойлаған тұлғалар отбасы мен айналасының ғана қамын күйттемей, тұтастай өзі өмір сүрген қоғамның ақыл, ой, парасат жағынан кемелдене түсуіне үлес қосады. Саналы ғұмырын өскелең ұрпақ тәрбиесіне, медицина саласының орта буын мамандарын даярлауға, Сыр өңірінің денсаулық сақтау саласының дамуына арнаған сондай ардақты жанның бірі – біздің әріптесіміз, сүйікті ұстаз Гүлнар Күлімбетова еді.

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

Қиындығы мен қызықшылығы мол, жауапкершілік жүгі ауыр осы жолда жоғары жетістіктерге жетіп, білім беру мекемелерінде басшылық қызмет атқарған оның білім беру ісінде және медицина саласында орны биік. Мейібан жүрек иесі өзінің адами болмысымен, асыл қасиеттерімен, өнегелі ісімен айналасына адамгершілік дәннен сеуіп, кішіпейілділіктің, адалдықтың саулесін шаша білді. «Ғұмыр ұзақтығымен өлшенбейді, мазмұнымен өлшенсе керек» деп данагөйлеріміз айтқандай, Гүлнар Мәлібекқызы – қысқа ғұмырында мазмұнды, парасатты, мәнді де сәнді өмір кешкен аяулы жан.

Ол 1959 жылы Шиели ауданы «Иркөл» ауылында дүниеге келген. 1976 жылы орта мектепті аяқтаған соң, С.Асфендияров атындағы Алматы медицина институтына оқуға түсіп, «Емдеу ісі» факультетінде білім алып шығады. Жас маман еңбек жолын 1983 жылы Қызылорда медициналық жоғары колледжінде бастаған. 1991-2000 жылдар аралығында Қызылорда медициналық жоғары колледжінің «Практикалық бөлімі» меңгерушісі қызметін атқарып, 2000 жылы «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі қызметіне ауысады. 2000-2003 жылдар аралығында «Өркениет» медициналық колледж басшысының оқу-тәрбие ісі жөнінде орынбасары, сонымен қатар, «Терапия» пәндерінің оқытушысы қызметін қоса атқарады. Осылайша бірнеше қызмет сатысынан өткен тәжірибелі маман 2008-2012 жылдар аралығында «Өркениет» медициналық колледжі басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін атқарып, 2012 жылы колледж басшысы болып тағайындалады. Саладағы ұзақ жылғы қажырлы еңбегі бағаланып, «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің, медицина салалық кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталып, мерекелік медальдар иеленді. Сол қызметінен 2021 жылы зейнеткерлік демалысына шығып, саланың ардагерлер санатына қосылды.

Гүлнар Мәлібекқызы медицина колледжінде басшылық жасаған жылдары толайым жұмыстар атқарылып, орасан жетістіктер орын алды. Оның оқу-тәрбие процесіндегі жаңашылдығы, ұлттық педагогиканы заманауи жаңа технологиялармен ұштастыра білуі де ұстанымы ерекше еді. Сонымен қатар, Сыр өңірі медицина саласының өсіп-өркендеуіне өзіндік зор үлесін қосып, салаға қажетті жас мамандарды даярлауда шынайы жауапкершілікпен қызмет еткен білікті басшы, бірегей маман. Оның іскерлігі, ұжымды ұйыстыра білген қарым-қабілеті, жоғары жауапкершілігі оқу орнының биіктерден көрінуіне зор ықпал етті. Гүлнар Мәлібекқызы бойындағы мейірбандық, кішіпейілділік, парасаттылық, көпшілік қасиеттерінің арқасында әріптестері, ұжымдастары ортасында айрықша сый-құрметке бөленді. Ұлағатты ұстаз ізінен ерген жастарды әрдайым қолдап, өзінің ісімен, адами болмысымен үлгі-өнеге болды. Өте еңбекқор, істің көзін таба білетін көреген, іскер басшы еді. Асылында, кеменгер Абайдың: «Арттағыға сөзің мен ісің қалса, Өлсең де өлмегенмен боласың тең» деген сөзі осы біздің аяулы әріптесіміз, өңір медицина саласының дамуына өзіндік зор үлес қосып, жастарға кәсіби біліммен бірге ізгілікті тәлім-тәрбие беруде адал қызмет етіп, ұлағатты ұстаз, білікті маман, іскер басшы бола білген Гүлнар Мәлібекқызы секілді жандарға арнап айтылғандай. Ол кісіден үйренгеніміз өте көп. Ақыл-кеңестері әлі күнге қажетімізге жарап келеді. «Өркениет» медицина колледжін басқарған тұсында тек студенттер емес, біз секілді жас мамандарға да өмірлік ұстаз әрі қамқоршы бола білді. Өз басым осындай ұстаздың шәкірті болғанымыз мақтан тұтамын. Бүгінде сол колледжде қызмет ете жүріп, жұмыс барысында ұстазымнан үйренгенімді іс жүзінде асыруға тырысамын.

Иә, қоғамдағы іргелі саланың бірі – денсаулық саласы. Адам саулығы үшін жауапкершілік арқалап, анғына адал қызмет етіп жүрген медицина саласының мамандары қашан да халықтың қалтқысыз ықыласына бөленіп келеді. Гүлнар Мәлібекқызы білікті басшы, шәкірттерінің ұлағатты ұстазы ғана емес, сонымен бірге аяулы жар, перзенттерінің асыл анасы, әулеттің ардақты келіні болды. Ол медицина колледжінде қызмет ете жүріп, өзінің институтта алған теориялық білімін практикамен ұштастыру үшін қалалық ауруханада қосымша қызмет атқарды. Дертінде дауа іздеген талай науқастарға адал қызмет көрсетіп, алғысын алды. Ал 2005-2010 жылдары облыстық медицина орталығының кардиология бөлімшесінде қосымша жұмыс атқара жүріп, практикалық сабақтарында жағдайы ауыр науқастардың күтім ерекшелігі, коммуникативтік белсенділік, түрлі медициналық айла-тәсілдерді қолдану ережелерін әр студентке үйрете отырып, іс жүзінде талап ететін табандылығы мен қамқорлығын сол шәкірттері әлі күнге сағына еске алады.

«Тас түскен жеріне ауыр» демекші, аяулы әріптес, ұстазымыздың қазасы өзі еңбек еткен колледж ұжымына ауыр соққаны белгілі. Зейнеткерліктің қызығын енді көріп, немерелердің тәтті қылығын енді қызықтар шағында айла таптырмайтын сұм ажалдың арамзыдан алып кеткені, жақсы жанның қайғысы қабырғамызды қайыстырды. «Уақыт – емші» деп өзімізді жұбатқанымызбен, жақсы жаннан айрылған жыл көлемінде аяулы әріптес, ұлағатты ұстазға деген сағыншы бойды кернейді. «Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» дегендей, ардақты жанның биік болмысы, жарқын да жылы келбеті, мейірімділікке толы жылы сөздерін, ақыл-кеңесін жиі еске аламыз.

Гүлнар Мәлібекқызының адами болмысы, өз мамандығына деген адалдығы, жан тазалығы, қоғам алдындағы жауапкершілігін терең сезіне білген адами ізгі қасиеті жайлы көп айтуға болады. Өзі тәрбиелеп шығарған шәкірттері, әріптестері, медицина саласын тандаған жас мамандар барда аяулы ұстаздың жарқын бейнесі, адами биік болмысы ұмытылмақ емес.

Жасулан ШЫМБЕРГЕНОВ,
«Өркениет» медицина колледжінің директоры

СТОП-КАДР

(Балдағы алтын құрыш Болат)

Болат аға өмірден өтті... Фототілші Болат. Шебер Болат. Майталман Болат. Балдағы алтын құрыш Болат. Алтын балдағы – қырддағыны шалаптың, көздегенін қалт жібермейтін, төбесінен құс ұшырмайтын, баға жетпес фотоапараты. Құрыш дегеніміз – сурет түсіру өнерінің шыңына шыққан Болат ағаның сипаттамасы.

Өз кәсібінің қыр-сырын жетік игеріп, шын шебер атану үшін елдің зиялылары шоғырланған орталық қалалардың бірінде тұру шарт емес. Сондай-ақ жалпақ жұртты елең еткізетін ерекше сурет түсіру үшін фотомытығынның тұмсығы төрт қарыс, құны жайынбас көлік сатып алуға жететіндей тым қымбат болуы да міндетті емес. Ол біреуде бар, біреуде жоқ қарапайым фотоапаратымен-ақ ғаламат портреттер мен ғажайып пейзаждарды, әдемі көріністер мен әсерлі этюдтерді баспасөз тарихында қалдырды. Сыр бойындағы көне қаланың аргы басы мен бергі басында тынымсыз шапқылап, сол өңірдің атақты аудандары мен алыс ауылдарын армансыз аралап жүріп-ақ, Алматы мен Астана жақтан анда-санда шаң беріп қалатын әйгілі адамдарды нысанаға алып, танымал тұлғалар галереясын жасады.

Оның әр кадры құнды болды. Өзгелер сурет түсірді. Ол сюжет түсірді. Өзгелер портрет түсірді. Ол портреттік очерк түсірді. Өзгелер шопанның суретін түсірді. Ол шопан туралы шығарма түсірді. Соның бәрін бір-ақ кадрға сыйғызды. Оның шырты еткізгені шедер боп шығады. Ол қазқ фотоөнеріне көркемдік әкелді. Әсемдік пен әдемілік дарытты. Сен де, мен де, ол да түсіре алатын жансыз суретке беллетристиканың жүгін арқалатты. Міне, балдағы алтын құрыш Болаттың балдағы бөлек басқалардан айырмашылығы да осында.

Оның кейіпкерлері сөйлеп тұрады. Шетінен мінезді. Шетінен шежірелі. Шетінен қиқар. Шетінен шешен. Себебі, суреттің кейіпкерлері суреттің авторына қатты ұқсайды.

Мен Болат аға Омарәлиевтің біраз суретін арқау етіп, бірқатар мақала жаздым. Ойға алған біраз жоспарларымыз баршылық еді. Өмірдің өзі кейде осылай жоспар-жобаға ба-

ғынбай кетеді екен ғой.

Көбіне-көп кино мен телевизия әлеміне тиесілі «стоп-кадр» деген ұғым бар. Ең сәтті немесе ең қажетті бір кадрды таңдап алып, осының төңірегінде ой толғайсың. Немесе соның айналасынан мәселе туындатасың. Осы «стоп-кадр» ұғымы әйгілі фототілші Болат Омарәлиевтің де шығармашылық табиғатын тап басатын. Қарауылға алғанын мүлт жібермейтін ол Сейдахмет Бердіқұлов ағамыз айтқандай, жұмыр жерді кіндігінен ұстап, солқылдатып тартып тұрып, тулап жатқан тіршілікті лезде тоқтатып тастай алатын. Ең әдемі, ең әсерлі деген мәзетті аңдып тұрып, қас қағым сәтте қағып түсіретін. Жұрттың көзіне іліне бермейтін қалтарыстағы олжаны алыстан аңғарып, жан баласына білдірмей қашып ала қоятын.

Осындай теңдессіз шебер болғанына қарамастан Болат ағаның сонынан шәкірт ермеді. Еретіндей де мүмкіндік тұмады. Ол үшін кейінгі балалар Болат ағаның өзі секілді қыста қар кешіп, жазда жантақ жасанып, жанбырға жуынып жүре беретін жанкешті болуы қажет еді. Сондықтан ол үнемі Сыр бойындағы қалың қамыс арасында қалып қойған сол баяғы жоталы жолбарыс құсап жалғыз жорты. Жалғыз жүріп-ақ жарты әлемге танылды.

Міне, енді Болат ағамыздың соңғы сағаты соқты... Талайды тамсандырған «стоп-кадр» осылай тоқтады. Әдетте «стоп-кадр» пайдаланылып болған соң жыбыр-жыбыр етіп, қайта жалғасатын. Қозғалысын кілт тежеп, бірден сіресіп қатып қалған бейнеге қайыра жан бітетін. Ал бұл «стоп-кадрдың» тоқтағаны тоқтаған енді... Маэстро мәңгілік мекеніне кетіп барды... Бақұл болыңыз, аға!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

АЗА ЖЫР

(Болат Омарәлиев рухына)

Көне жұрттан қалған мән,
Кемелдіктің дүрі еді.
Ем таппаған жалғаннан,
Ерін өлді, Сыр елі!

Кеуде тұсым дір етіп,
Демі өршіп тұр өкпенің.
Жаназада жыр оқып,
Ақын болам деп пе едім.

Бүгін тағы аза күн,
Бұл не деген басқа күн.
Қазанама қағазын,
Қарс айырып тастадым.

Келе алмаймын келеме,
Үрке шығып үн бойдан.
Дүре соғып денеме,
Көзімдегі сынды айнам.

Дариядан үгіліп,
Жар құлаған секілді.
Қара тасқа сүрініп,
Нар құлаған секілді.

Көтерілді нұр көкке,
Кеуде толы кісілік.
Өзін өзін суретке,
«Сырты» еткізіп түсіріп.

Өмір, маған мін тақпа,
Жеп тауысар ой мені.
Жеткізейін ұрпаққа,
Бұл өлмейтін бейнені.

Сыйым сол ма сұраған,
Бір сауап пен бір обал.
Ертең қайта жұбанам,
Бүгін бірақ, жылап ал...

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ

БАЛА ӨМІРІ БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Тамыздың 26-сы мен қыркүйектің 6-сы аралығында Қызылорда қаласы аумағында «Абайлаңыз, балалар!» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Басты мақсат – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, апаттың алдын алу, болдырмау, жасөспірімдер жарақатын азайту және балалар арасында жол қозғалысы ережелерін насихаттау.

Білім беру мекемелері мен балабақшаларда жол жүру ережелерінен балалардың білік-

тілігін арттыру үшін арнайы лекциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер, сауал-


намалар ұйымдастырылуда. Бұдан бөлек, жергілікті полиция қызметі басқармасының қызметкерлері көмелет жасына толмағандарға жолдан өту, жол жүру қағидаларын сақтаудың маңызы, велосипед, самокатты, т.б. дұрыс қолдану ережелерін үйрету бойынша профилактикалық шаралар жүргізуде.

Құрметті ата-аналар, бала өмірі бәрінен де қымбат. Жасөспірімдер үлкендерге қарап бой

түзейді, үлгі алады. Сондықтан балаларыңыздың жол қозғалысы ережелерін міндетті түрде сақтап жүруін қамтамасыз ету, олардың қауіпсіз қозғалысына көз жеткізіп, қарапайым жол ережелерін таныстырып, насихаттау сұралады.

А.ЕРНАЗАРОВА,
Қызылорда ҚІБ ЖІПҚБ
ЮПб уқаскелік полиция
инспекторы, полиция майоры

Болат Омарәлиев



Сыр журналистикасы ауыр қазаға душар болды. 76 жасында Қазақстанның Құрметті журналисі, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, елімізге белгілі фототілші Болат Омарәлиев дүниеден өтті.

Болат Шамаұлы Омарәлиев 1948 жылы 15 қараша Сырдария ауданы «Қоғалықөл» ауылында туған. КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Алматы қаласындағы арнайы курсты бітірген соң, еңбек жолын 1967 жылы Сырдария аудандық «Сырдария» газетінің редакциясында фототілші болып бастады. 1969 жылы облыстық «Сыр бойы» газетіне ауысты. Осы басылымда 45 жыл үзіліссіз фототілші болып еңбек етіп, 2014 жылы зейнетке шықты.

Танымал фототілшінің фотозатодтері Одақ көлемінде, республикалық конкурстарда жүлде алды. «Егемен Қазақстан», «Қазақстанская правда», «Қазақ әдебиеті» басылымдары, «Ауыл» партиясы өткізген байқауларда жұмыстары үздік деп бағаланды.

Одақтық «Советское фото» журналы 1982 жылы №9 санында Болат Омарәлиевтің фотоларын жариялады. 1984 жылы 3 қыркүйекте «Известия» газеті өзінің арнаулы тілшісі Эдуард Полянскийдің «Түн қысқа, ақша бұлттар ұйықтап жатыр... («Ночь короткая, спят облака...»)» деген көлемді мақаласын қызылордалық фототілшінің суреттерімен безендіріп берді. Бұдан бөлек, еңбектері «Қазақ фотошежірешілері» атты альбомға енді, республикада шыққан 20-ға жуық тарихи кітаптан орын алды. Сол сияқты Алматы, Мәскеу қалаларында үш рет, Польша мен Украинада бір реттен фотокөрмелері ұйымдастырылды. 1989 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық фотосуретшілер съезіне Қазақстан атынан делегат болып қатысты. Қазақстан фотожурналистикасын дамытуға көп жыл сіңірген еңбегі үшін «Фотоөнер қайраткері» медалімен марапатталды.

Фотосуреттері 2017 жылы Астанада өткен ЕХРО көрмесінде, Ұлттық мұражайға қойылды. «Сыр бойы» басылымының ардагері, фотосуретермен аймақ шежіресін, тұлғалар галереясын жасаған Болат Омарәлиевтің жарқын бейнесі көптің жадында ұзақ уақыт сақталады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық қоғамдық кеңес, облыстық ардагерлер кеңесі

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы «Қазақстанның Құрметті журналисі», Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, белгілі фототілші

Болат Шамаұлы Омарәлиевтің қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

2024 жылдың II жартыжылдығына Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

| Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Қабылдау жүргізу орны | Байланыс телефоны |
|--------------------------------|--|---|--|--|
| АМАНОВ Гани Мырзағабылұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы | Әр аптаның бейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №401 | +7 (7242) 23-81-14 |
| БЕКІШЕВ Әділбек Ергалиұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әр аптаның сейсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №402 | +7 (7242) 23-81-14 |
| ЕЛШІБЕКОВ Еркін Кеңесбекұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әр аптаның дүйсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 23 Каб №411 | +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 (4050) |
| БЕКШИН Қуанышбек Махметұлы | Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары | Әр аптаның сәрсенбі күні 15:00-ден 18:00-ге дейін | Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16 Каб №209 | +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 (4004) |

* Қабылдауға жазылу +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 ішкі (4050),(4004) телефондары және dgd.kyzylorda@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

«Дәулетэнерго» ЖШС тұтынушыларының назарына!

«Дәулетэнерго» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне электр энергиясының алдағы уақытта шекті бағаның өсетіні туралы хабарлама жолдағанын, ондағы жобалық орташа босату бағасы 1 кВт.сағатқа КҚС-сыз 33,67 теңгені құрайтынын немесе қолданыстағыдан 36,8 пайызға өзгертіліп ұсынылғанын өзінің тұтынушыларына хабарлайды.

Өзгерудің негізгі себебі: тоқ өндіретін электрстанциялары мен тасымалдаушы компаниялардың тарифтерінің өсуі.

«Дәулетэнерго» ЖШС-нің 2024 жылдың 1 қазанынан бастап қолданысқа енгізуге ұсынған әр қызмет түрі бойынша жоспарланған шекті бағасының ЖОБАСЫ (бекітілмеген)

| № п/п | 2024 жылдың 1 қазанынан бастап жоспарланған баға | 2024 жылдың 15 сәуірінен бастап келісілген баға | | айырмасы | | | | | |
|--|---|---|---------|---------------|---------|---------------|-------|-------|-------|
| | | Тариф КҚС-сыз | КҚС 12% | Тариф КҚС-мен | КҚС 12% | Тариф КҚС-мен | тенге | | |
| 1 | Орташа босату тарифі | 33,67 | 4,04 | 37,71 | 24,61 | 2,95 | 27,56 | 9,06 | 36,8% |
| 2 | Жеке тұлғалар үшін орташа босату тарифі | 30,04 | 3,61 | 33,65 | 21,96 | 2,64 | 24,60 | 8,08 | 36,8% |
| Тұтыну көлемі бойынша тарифі: | | | | | | | | | |
| Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұлғалар үшін | | | | | | | | | |
| | 1-денгей (70 кВт*с дейін) | 29,36 | 3,52 | 32,88 | 21,44 | 2,57 | 24,01 | 7,92 | 36,9% |
| | 2-денгей (70-тен 150 кВт*с дейін) | 36,05 | 4,33 | 40,38 | 26,35 | 3,16 | 29,51 | 9,70 | 36,8% |
| | 3-денгей (150 кВт*с жоғары) | 45,06 | 5,41 | 50,47 | 32,94 | 3,95 | 36,89 | 12,12 | 36,8% |
| Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғалар үшін | | | | | | | | | |
| | 1-денгей (100 кВт*с дейін) | 29,36 | 3,52 | 32,88 | 21,44 | 2,57 | 24,01 | 7,92 | 36,9% |
| | 2-денгей (100-ден 170 кВт*с дейін) | 36,05 | 4,33 | 40,38 | 26,35 | 3,16 | 29,51 | 9,70 | 36,8% |
| | 3-денгей (170 кВт*с жоғары) | 45,06 | 5,41 | 50,47 | 32,94 | 3,95 | 36,89 | 12,12 | 36,8% |
| Электр плиталарын пайдаланбайтын жеке тұратын ҮОС ардагерлері мен осыларға тенеірілген мүгедектер, зейнеткерлер үшін | | | | | | | | | |
| | 1-денгей (100 кВт*с дейін) | 29,36 | 3,52 | 32,88 | 21,44 | 2,57 | 24,01 | 7,92 | 36,9% |
| | 2-денгей (100-ден 150кВт*с дейін) | 36,05 | 4,33 | 40,38 | 26,35 | 3,16 | 29,51 | 9,70 | 36,8% |
| | 3-денгей (150 кВт*с жоғары) | 45,06 | 5,41 | 50,47 | 32,94 | 3,95 | 36,89 | 12,12 | 36,8% |
| Электр плиталарын пайдаланатын жеке тұратын ҮОС ардагерлері мен осыларға тенеірілген мүгедектер, зейнеткерлер үшін | | | | | | | | | |
| | 1-денгей (100 кВт*с дейін) | 29,36 | 3,52 | 32,88 | 21,44 | 2,57 | 24,01 | 7,92 | 36,9% |
| | 2-денгей (100-ден 170кВт*с дейін) | 36,05 | 4,33 | 40,38 | 26,35 | 3,16 | 29,51 | 9,70 | 36,8% |
| | 3-денгей (170 кВт*с жоғары) | 45,06 | 5,41 | 50,47 | 32,94 | 3,95 | 36,89 | 12,12 | 36,8% |
| 3 | Заңды тұлғалар үшін орташа босату тарифі | 38,08 | 4,57 | 42,64 | 27,83 | 3,34 | 31,17 | 10,25 | 36,8% |
| | Бюджеттік мекемелер үшін | 51,17 | 6,14 | 57,31 | 37,40 | 4,49 | 41,89 | 13,77 | 36,8% |
| | Өзге де тұтынушылар үшін | 33,67 | 4,04 | 37,71 | 24,61 | 2,95 | 27,56 | 9,06 | 36,8% |
| | Әлеуметтік маңызы бар тауарларды өндірушілер үшін | 33,67 | 4,04 | 37,71 | 24,61 | 2,95 | 27,56 | 9,06 | 36,8% |

(ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінен 2009 жылдың 14 шілдесінде №600497 мемлекеттік лицензиясы берілген)

ӘДЕБИ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ:

тың бастама, жаңа мүмкіндік



«Жазушылар одағы жастарға жөнді көңіл бөлмейді, қолдау көрсетпейді», «Одақ бір жақта, жас ақын-жазушылар екінші жақта қалып қойды» деген пікірлерді соңғы кездері жиі болмаса да, арагидік құлағымыз шалып қалатыны жасырын емес. Әсіресе, әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы саналатын ару шаһар Алматыдан алыста жүрген жас қаламгерлер үшін қолдаудың маңызы зор екендігі шындық. Десек те, кейінгі жылдары осы қасаң пікірдің көбесі сөгіліп, Қазақстан Жазушылар одағы жастарға қатысты ірі-ірі жобаларды жүзеге асырып келеді. Мәселен, жыл сайын Жазушылар одағына мүшелікке қабылдауда жастарға басымдық берілуі, жас ақын-жазушылардың кітабын мемлекет тарапынан шығаруға мұрындық болуы, тіпті, «Жазушылар одағына үміткер» жобасының қолға алынуы – осы сөздеріміздің айқын дәлелі.

Осындай ауқымды жұмыстардың бірі – биыл шығармашылық ұйым мен Мәдениет және ақпарат министрлігі арасындағы стратегиялық әріптестік аясында қолға алынған «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» атты жаңа жоба.

Тақырыпты «тың бастама, жаңа мүмкіндік» деп қоюмыздың себебі де жоқ емес. Біріншіден, шығармашылық ортадан жырақта, кішкентай қалалар мен шалғайдағы аймақтарда жүрген 20 жастың басын қасиетті қарашаңырақ астында қосып қана қоймай, оларға «мүйізі қарағайдай» ақын-жазушылар, әдебиеттанушылардың дәрісін тыңдату, белгілі қаламгерлердің шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, расында тың бастама болғандығы сөзсіз. Ерекше атап өтерлігі – бұл жобаға қатысушыларды іріктеу үшін арнайы сараптама комиссиясы құрылып, талапкерлер қатаң іріктеуден өтті. Мұның өзі жобаның маңыздылығы мен айқын мақсатын көрсетеді.

Екіншіден, аталған жоба жас ақын-жазушыларға жаңа мүмкіндіктер ашқаны даусыз. Өйткені, Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Әбдіжәмілдей тау тұлғалардың алақанының табы қалған қарашаңырақта 10 күн бойы алаңсыз жүріп, қаламгерлерден қажетті нәрселерімізді үйрендік, білмегенімізді сұрадық. Кітабын жата-жаста оқитын сүйікті қаламгерімізден бір үстел басында бетпе-бет отырып сөйлесу, сұхбаттасу әдебиет ауылына енді қадам басып келе жатқан жастың кеудесіне сенім ұялатып, қиялына қанат бітіреді. «Мен де сол кісі секілді атақты шығармалар жаза алуым мүмкін екен ғой» деген жігер дарытады. Бұдан бөлек, Қазақстанның әр түрлі жерлерінен келген жас таланттар бір-бірімен араласып, өзара пікір алмасу арқылы көкжиегі кеңейді, жаңа тақырыптарға бой алдырады. Біздің «жаңа мүмкіндіктер ашады» деп отырғанымыз осы.

Отыз бес жасқа дейінгі жас қаламгерлерге арналған шеберлік мектебінде проза мен поэзия жанрындағы әдеби үрдіс, көсіби шеберлік, әдеби сыынның дамуы, әдебиеттегі тәуелсіздік рухы, халықаралық байла-

ныс, аударма, кітап тарату бағыттары мен Жазушылар одағының еліміздің әдеби өміріндегі алатын орны туралы тағылымды әңгімелер айтылып, күн сайын Қазақстанның Еңбек ері Дулат Исабеков, әдебиет сыншысы Жанғара Дәлебаев, ақындар Бақытжан Қанапиянов, Әділғазы Қайырбеков, Бекжан Әшірбаев, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, Одақ басшысы Мереке Құлқенов, драматург Асылбек Ихсан, танымал аудармашы Ләйла Мұсалы дәріс оқып, тәжірибелерін бөлісті. Осы жобаға шетелден арнайы шақырылған, атап айтқанда, тұркиялық Екрем Аян, көрші қырғандығы белгілі қаламгерлердің шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, расында тың бастама болғандығы сөзсіз. Ерекше атап өтерлігі – бұл жобаға қатысушыларды іріктеу үшін арнайы сараптама комиссиясы құрылып, талапкерлер қатаң іріктеуден өтті. Мұның өзі жобаның маңыздылығы мен айқын мақсатын көрсетеді.

Екіншіден, аталған жоба жас ақын-жазушыларға жаңа мүмкіндіктер ашқаны даусыз. Өйткені, Сәкен, Бейімбет, Илияс, Мұхтар, Әбдіжәмілдей тау тұлғалардың алақанының табы қалған қарашаңырақта 10 күн бойы алаңсыз жүріп, қаламгерлерден қажетті нәрселерімізді үйрендік, білмегенімізді сұрадық. Кітабын жата-жаста оқитын сүйікті қаламгерімізден бір үстел басында бетпе-бет отырып сөйлесу, сұхбаттасу әдебиет ауылына енді қадам басып келе жатқан жастың кеудесіне сенім ұялатып, қиялына қанат бітіреді. «Мен де сол кісі секілді атақты шығармалар жаза алуым мүмкін екен ғой» деген жігер дарытады. Бұдан бөлек, Қазақстанның әр түрлі жерлерінен келген жас таланттар бір-бірімен араласып, өзара пікір алмасу арқылы көкжиегі кеңейді, жаңа тақырыптарға бой алдырады. Біздің «жаңа мүмкіндіктер ашады» деп отырғанымыз осы.

Отыз бес жасқа дейінгі жас қаламгерлерге арналған шеберлік мектебінде проза мен поэзия жанрындағы әдеби үрдіс, көсіби шеберлік, әдеби сыынның дамуы, әдебиеттегі тәуелсіздік рухы, халықаралық байла-

ныс, аударма, кітап тарату бағыттары мен Жазушылар одағының еліміздің әдеби өміріндегі алатын орны туралы тағылымды әңгімелер айтылып, күн сайын Қазақстанның Еңбек ері Дулат Исабеков, әдебиет сыншысы Жанғара Дәлебаев, ақындар Бақытжан Қанапиянов, Әділғазы Қайырбеков, Бекжан Әшірбаев, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, Одақ басшысы Мереке Құлқенов, драматург Асылбек Ихсан, танымал аудармашы Ләйла Мұсалы дәріс оқып, тәжірибелерін бөлісті. Осы жобаға шетелден арнайы шақырылған, атап айтқанда, тұркиялық Екрем Аян, көрші қырғандығы белгілі қаламгерлердің шеберлік сағаттарын ұйымдастыру, расында тың бастама болғандығы сөзсіз. Ерекше атап өтерлігі – бұл жобаға қатысушыларды іріктеу үшін арнайы сараптама комиссиясы құрылып, талапкерлер қатаң іріктеуден өтті. Мұның өзі жобаның маңыздылығы мен айқын мақсатын көрсетеді.

Шығармалары әлемнің 11 тіліне аударылған әдебиеттанушы ғылыми жетекшісі, профессор Ләйла Мұсалының дәрістерін айрықша атап өтпекке болмайды. Оның нақты мысалдар келтіре отырып, барлық қатысушыға поэзия мен прозадан аударма жасатып үйретуі, өз бетінен тәржім жасауға дағдыландыруы, осы саланың қыр-сырымен бөлісуі біз үшін құнды дүние болды. Авторлық құқық, баспа мәселесі, БАҚ-тағы ұлттық мүдде мен қайшылықтар, қаламгердің азаматтық ұстанымы туралы әңгімелеген Бекжан Әшірбаевтың дәрістері дайын тұрған оқу бағдарламасы десек, қателеспейміз. Тек санаңызға тоқып, есіңізге мықтап сақтап алсаңыз болғаны.

Шығармалары әлемнің 11 тіліне аударылған әдебиеттанушы ғылыми жетекшісі, профессор Абылдажан Ақматалиевтің Шыңғыс Айтматов туралы естеліктері бәрімізді әдегеннен-ақ баурап алды. Кеменгер жазушының жанында жас кезінен бастап соңғы күндеріне дейін бірге болған оның ұлы тұлға Айтматовтың көпшілік біле бермейтін тағдыры мен адами қасиеттері, Мұхтар Әуезовпен достығы туралы біз естімеген тың деректері – өз алдына мүлдем бөлек тақырып.

Шеберлік мектебі барысында жобаға қатысушылардың сұрауымен Қазақстанның Халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы, ақын, драматург Иран-Ғайыптың да дәрістері өткізілді. Қатысушылардың өтінішіне жерге тастамай, күн сайын жанынан табыла білген Бауыржан Жақып ағамыз демалыс күндері бәрімізді Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтің музейіне, «Кенсайдағы» Илияс Есенберлин, Әзілхан Нұршайықов, Мұхағали Мақтаев, Оралхан Бөкей, Қадір Мырза Әли секілді әдебиет алыптарының басына апарып, зиярат жасатты.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Жазушылар одағының бұрын-соңды болмаған «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жобасы – біз үшін үлкен тәжірибе, үлкен сабақ, үлкен тағалым алаңы болды. Жас қаламгерлерге осындай мүмкіндік сыйлаған Мәдениет және ақпарат министрлігі, Одақ төрағасы Мереке Құлқенов және жобаға үйлестірушісі Бауыржан Жақып ағамыздың еңбегі зор. Жобаның алғашқы қатысушысы ретінде тың бастама жұмыс сайын жалғасын тапса, талай жас дарынға жаңа мүмкіндіктер сыйлайтыны анық, болашақта үлкен әдеби мектепке айналатын үрдіс болатыны сөзсіз деген ой түйдік.

Нұрсұлтан МЫҚТЫБАЙ,
«Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жобасының қатысушысы

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді дисфункция

Бұлардың байланысы неде?

Кез келген ер адамның организмі ерте ме, кеш пе созылмалы простатитке немесе қуық асты безінің аденомасына шалдығып жатады. Бұл екі ауру түрлі себеппен туындайды. Бірақ екеуі де организмде ұқсас қиындық туырады. Біріншіден зәр шығару бұзылады, ыңғайсыздық, әртүрлі ауырынулар, оның үстіне жыныстық функция қиындайды.

Неге бұлай болатын себептерді анықтайық. Созылмалы простатит кіші жамбас қуысындағы іркілестен, аз қимылдаудың салдарынан, суық тигеннен, жаман әдеттердің кесірінен кез келген жаста туу мүмкін. Суық тигеннен қуық асты безі үлкейіп, зәр шығару мен ұрық жеру жолдарын жауып тастайды. Соның кесірінен зәр іркілісі пайда болады. Зәр шығару қиындайды. Зәр шығару кезінде ауырынулар болады. Эректильді дисфункция басталады.

Қуық асты безінің аденомасы – көбіне қырықтан асқан ер адамдарда кездесетін ауру. Қуық асты безінің қатерлі ісігі гормондар дұрыс алмаспағандықтан және тестостерон (ер адамға тән басты гормон) өндіру кемігендіктен басталып кетеді.

Мұнда да ісік теккен қуық асты безі простатит кезіндегідей зәр шығару мен ұрық жолдарын жауып тастайды. Соның салдарынан зәр шығару бұзылады. Ерекстің әр жері ауырады. Тестостерон деңгейі түсіп кетеді де, ер адамның жыныстық мүмкіндігі азаяды.

Зәр шығару бұзылған соң қалдық зәр қабыну процестерін туындатады. Мұның салдарынан зәр шығару жүйесінің басқа да мүшелері ауыратын болады.

Көбіне жасы келген ер адамдарда простатит пен аденома қатар жүріп жатады. Себебі, олардың белгілері бірдей. Кейде мүлде еш белгі байқалмастан ауыра береді. Көп адам бұл екі ауруды бір ауру деп қабылдап, өзінің жағдайының қаншалықты мүшкіл екенін сезінбейді. Дерт мендеген мүшелерде бос радикалдар саны күрт артып, салдарынан обыр дамып кетуі ықтимал.

Ресей ғалымдары «Урофомен» деген препарат ойлап тапты. Тұрғындар арасында үлкен сұранысқа ие болды. Простатитпен күресте тамаша нәтижелер көрсетіп жатыр. «Урофомен» қуық асты безі мен зәр шығару жүйесінің жұмысын кешенді түрде қайтып қалпына келтіреді.

Бұл препарат қуық асты безінің, қуықтың, ұрық жолдарының қабынуын тез емдейді. Зәр шығаруды қалыпқа келтіреді. Зәр шығару жолдарының электронды түрде рәсімделеді.

Облыс аумағындағы ветеринариялық пункттер екі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Атауы – «Ветеринариялық анықтама беру» және «Ветеринариялық паспорт беру».

«Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік қызметі ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталында (ЕАСУ) тегін көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы»

бұйрығының талаптарына сәйкес министрліктің «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталында рәсімделеді. Ветеринариялық анықтама 3 нысанда, біріншісі тірі жануарларды, екінші нысан жануарлардан алынатын тамақ өнімдерін, үшінші нысан жануарлардан алынатын шикізат өнімдерін тасымалдау үшін беріледі. Ветеринариялық анықтамасыз тасымалданған жағдайда жергілікті полиция өкілдері айыппұл салады. Сондықтан тек құжатпен тасымалдануы қажет.

«Ветеринариялық паспорт беру» қызметі – ауыл шаруашылығы жануарла-

рын бірдейлендіру. Бұл Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес сырғалау, таңбалау, чиптеу тәсілдері арқылы жүргізіледі.

Бірдейлендірілген жануарлар министрліктің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» дерекқорына енгізіледі. Олар 14 аса қауіпті, жұқпалы ауруларға, атап айтқанда, құтыру, ауыл, лентоспироз, листериоз, пастереллез, сібір жарасы, нодулярлы дерматит, эхинококкоз, құл, қарасан, оба, туберкулез, вирусты диарея, құс

тұмауына қарсы мемлекет себебінен тегін егіледі.

Күрметті облыс тұрғындары! «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген. Сондықтан тұрғылықты жердегі ветеринар маманға жүгініп, ауыл шаруашылығы жануарларын есепке алдырып, Үкіметтен тегін берілетін ветеринариялық препараттарды ектіріп, ауру-сырқаудың алдын алуға және жануарлар мен өнімдерді ветеринариялық ілесіне құжаттармен тасымалдауға шақырамыз.

Облыстық ветеринария басқармасы

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында терілеп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА

Ветеринария басқармасы мен ветеринариялық ұйымдар көрсететін мемлекеттік қызметтер

Облыстық ветеринария басқармасы бір мемлекеттік қызмет көрсетеді. Атауы – «Ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға лицензия беру».

Аталған лицензия Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жануарлардан алынатын өнім мен шикізатқа ветеринариялық-санитариялық сараптама жасайтын зертханаларға беріледі.

Мемлекеттік қызмет алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақылы негізде көрсетіледі. Лицензия Қазақстан Республикасының «Е-лицензия» веб-порта-

лында электронды түрде рәсімделеді.

Облыс аумағындағы ветеринариялық пункттер екі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Атауы – «Ветеринариялық анықтама беру» және «Ветеринариялық паспорт беру».

«Ветеринариялық анықтамалар беру» мемлекеттік қызметі ҚР АШМ «Бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі» веб-порталында (ЕАСУ) тегін көрсетіледі.

Ауыл шаруашылығы министрінің «Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы»

www.facebook.com/syrboiy_kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034